



ISSN 2308-9865

№4,  
2016

# МЕХАНИКА ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Ғылыми журналды



Научный журнал

# МЕХАНИКА И ТЕХНОЛОГИИ



Scientific Journal

# MECHANICS & TECHNOLOGIES





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«М.Х. ДУЛАТИ атындағы  
ТАРАЗ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ»  
ШЖҚ РМК



## МЕХАНИКА ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ISSN 2308-9865

Ғылыми журнал  
1994 жылдың қаңтарынан бастап шығады  
Жылына төрт рет шығады

№ 4 (54)  
Қазан-желтоқсан  
2016 ж.

*Бас редактор* И.И. Бекбасаров

*Бас редактордың орынбасары* Д.К. Джакияев

*Редакция алқасы:* Н.А. Абиев, К.И. Баданов, И.И. Бекбасаров,  
Ю.Л. Винников, Н.А. Горбатовская, Д.К. Джакияев,  
А.А. Джумабеков, Г.Е. Жидекулова, М.М. Мукимов, М.И. Никитенко,  
С.К. Нурпеисов, А.В. Пилягин, Х.Р. Садиева, А.С. Сейтказиев,  
А.Н. Семернин, Н.А. Смирнова, Е.С. Спандияров, А.Н. Шевцов,  
А.Г. Шлейкин, Я. Шульц

*Корректор және компьютерлік беттеу* Е.И. Атенов

*Редакция мекен-жайы:*

080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 60.

Тел.: 8 7262 45-35-10, факс: 8 7262 43-24-02.

<http://mit.zhambyl.kz> E-mail: [bekbasarov.isabai@mail.ru](mailto:bekbasarov.isabai@mail.ru)

Тіркеу күәлігі №1193 (23.11.1993), №560-Ж (4.02.1999), №4244-Ж  
(08.10.2003), №13521-Ж (15.04.2013)

Басуға қол қойылған күн 30.12.2016. Форматы 70×180/16. Шартты баспа  
табағы 12,1. Тираж 300 дана. Тапсырыс 532.

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің «Тараз  
университеті» баспасы. 080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 60.

© М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, 2016

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

РГП на ПХВ  
«ТАРАЗСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ имени М.Х. ДУЛАТИ»



## МЕХАНИКА И ТЕХНОЛОГИИ

ISSN 2308-9865

Научный журнал  
Издается с января 1994 года  
Выходит четыре раза в год

**№ 4 (54)**  
Октябрь-декабрь  
2016 г.

*Главный редактор И.И. Бекбасаров*

*Заместитель главного редактора Д.К. Джакияев*

*Редакционная коллегия: Н.А. Абиев, К.И. Баданов, И.И. Бекбасаров,  
Ю.Л. Винников, Н.А. Горбатовская, Д.К. Джакияев,  
А.А. Джумабеков, Г.Е. Жидекулова, М.М. Мукимов, М.И. Никитенко,  
С.К. Нурпеисов, А.В. Пилягин, Х.Р. Садиева, А.С. Сейтказиев,  
А.Н. Семернин, Н.А. Смирнова, Е.С. Спандияров, А.Н. Шевцов,  
А.Г. Шлейкин, Я. Шульц*

*Корректор и компьютерная верстка Е.И. Атенев*

*Адрес редакции:*

080012, г. Тараз, ул. Толе би, 60.

Тел.: 8 7262 45-35-10, факс: 8 7262 43-24-02.

<http://mit.zhambyl.kz> E-mail: [bekbasarov.isabai@mail.ru](mailto:bekbasarov.isabai@mail.ru)

Свидетельство о регистрации №1193 (23.11.1993), №560-Ж (4.02.1999),  
№4244-Ж (08.10.2003), №13521-Ж (15.04.2013)

Подписано в печать 30.12.2016. Формат 70×180/16. Усл. печ. л. 12,1. Тираж  
300 экз. Заявка 532.

Издательство «Тараз университеті» Таразского государственного  
университета им. М.Х. Дулати. 080012, г. Тараз, ул. Толе би, 60.

© Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, 2016

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



TARAZ STATE UNIVERSITY  
named after M.Kh. DULATI

## **MECHANICS & TECHNOLOGIES**

**ISSN 2308-9865**

Scientific Journal

Published since January 1994

Published four times a year

**№ 4 (54)**

October-December  
2016

*Editor in chief* I.I. Bekbasarov

*Deputy Editor in Chief* D.K. Jakiyaev

*Editorial board:* N.A. Abiev, K.I. Badanov, I.I. Bekbasarov,  
N.A. Gorbatochkaya, D.K. Jakiyaev, A.A. Jumabekov, M.M. Mukimov,  
M.I. Nikitenko, S.K. Nurpeisov, A.V. Pilyagin, Kh.R. Sadieva, J. Schulz,  
A.S. Seitkazyev, A.N. Semernin, N.A. Smirnova, Ye.S. Spandiyarov,  
A.N. Shevtsov, A.G. Shleikin, Yu.L. Vinnikov, G.Ye. Zhidekulova

*Press-corrector and computer page makeup* Ye.I. Atenov

*Editorial address:*

080012, Taraz, Tole bi street, 60.

Tel.: 8 7262 45-35-10, fax: 8 7262 43-24-02.

<http://mit.zhambyl.kz> E-mail: [bekbasarov.isabai@mail.ru](mailto:bekbasarov.isabai@mail.ru)

Registration certificate №1193 (23.11.1993), №560-Ж (4.02.1999), №4244-Ж (08.10.2003), №13521-Ж (15.04.2013)

Signed in print 30.12.2016. Form 70×180/16. Cond. print. sh. 12,1. Edition 300 copies. Application 532.

Printing House «Taraz University» of Taraz State University  
named after M.Kh. Dulati. 080012, Taraz, Tole bi street, 60.

© Taraz State University named after M.Kh. Dulati, 2016

## МАЗМУНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

### МЕХАНИКА И ОБРАБОТКА МАТЕРИАЛОВ

<b>Қойайдаров Б.А., Сман Н.А., Байарыстанова А.М.</b> Қалақтары өзінен желді өткізетін желдөңгелектің орныққан қозғалысы	6
<b>Қойайдаров Б.А., Сман Н.А., Байарыстанова А.М.</b> Өзінен желді өткізетін қарсылық күшінің қалақтар жүйесімен жабдықталған желдөңгелектің қозғалысқа кіруі .....	13
<b>Кейкиманова М.Т., Узбекова Д.С., Куттыбаев А., Ермаханова С.</b> Ортотропты матрица мен талшықтардан тұратын құбырдың композициялық материалының серпімділік қасиеттері .....	22
<b>Ильсов К.И., Сарсембаева А.Б.</b> Обоснование формы и размеров плазменной горелки	30
<b>Тлеуов О.А., Юсупова Л.Х.</b> Экспериментальные исследования процесса резания материалов .....	34

### ТЕХНОЛОГИИ ПРОДОВОЛЬСТВЕННЫХ ПРОДУКТОВ

<b>Урбанчик Е.Н., Станюленис О.О., Горбатовская Н.А.</b> Изучение возможности реализации технологии изготовления сухих смесей из пророщенного зерна с фруктово-ягодными наполнителями для приготовления коктейлей .....	41
<b>Спандияров Е., Бекбасаров И.И., Умирбаева Ш.Ж.</b> Сақтауға шыдамды қымыз дайындау тәсілін жетілдіру .....	47
<b>Яковлев Д.С., Шлейкин А.Г.</b> Трансглутаминаза – последние достижения и новые источники .....	51
<b>Горбатовская Н.А., Шоя Е.Н., Қалыбекова Ж.М.</b> Повышение коэффициента использования зерна пшеницы с низким содержанием клейковины .....	55
<b>Gorbatovskaya N.A., Shoya Y.N., Atenov Ye.I., Ivannikova N.V.</b> Grain kissels of functional use .....	60

### ТЕХНОЛОГИИ ТЕКСТИЛЬНОЙ И ЛЕГКОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ

<b>Гуляев Р.А.</b> Комплексная технология увлажнения волокнистых материалов в технологическом процессе хлопкозавода .....	65
<b>Khanhadjaeva N.</b> New structures and knitting process of interlock knitted fabric .....	73

### ХИМИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ

<b>Садиева Х.Р., Ыбраймжанова Л.К.</b> Кремний – қалайы құрамды шыны тәрізді заттарды алу және олардың химиялық құрамын зерттеу .....	79
--	----

## ТЕХНОЛОГИИ В СФЕРЕ ЭКОЛОГИИ И МЕЛИОРАЦИИ

<b>Мустафаев Ж.С., Козыкеева А.Т., Ескермесов Ж.Е.</b> Оптимизация структуры сельскохозяйственных культур с учетом экологических требований агроландшафтных систем .....	85
<b>Козыкеева А.Т., Мустафаев Ж.С., Даулетбай С.Д.</b> Технология комплексного обустройства и рекомендации по ее практической реализации в водосборных бассейнах реки Шу .....	95
<b>Заволока И.П., Ахметов Е.С., Абдешев К.Б.</b> Изучение строения речных бассейнов для целей адаптивно-ландшафтного землеустройства .....	105
<b>Жұрымбаева Р., Қожамқұлова Г.</b> Суағарлы бөгеттің төменгі бөфінің жаңа конструкциялары .....	111

## ТЕХНОЛОГИИ В СФЕРЕ СТРОИТЕЛЬСТВА

<b>Сулейменов Ж.Т., Баялиева Г.М., Карабаев Н.Т., Тыныштыбаев Б.А.</b> Влияние вида тонкомолотого наполнителя на свойства силикат-натриевых композиционных вяжущих .....	119
<b>Сағындыков А.А., Карабаев Н.Т., Жанузак Р., Абуталипов Е.А.</b> Разработка составов мелкозернистого бетона с использованием современных добавок .....	122
<b>Сағындықов А.Ә., Медетов А.К., Сарбас М., Жылысбаев К.Ш.</b> ЖЭС күлдері және домна шлактары негізіндегі күйдірілмеген жеңіл толтырғыштар .....	127

## ФИЗИКА

<b>Кейкиманова М.Т., Узбекова Д.С., Кутгыбаев А., Ермаханова С.</b> Физикалық есептерді шығаруда Ом заңының жалпы түрінің қолданылуы туралы .....	133
--	-----

## МЕХАНИКА И ОБРАБОТКА МАТЕРИАЛОВ

ӘОЖ 621.311.24

**Б.А. Қойайдаров<sup>1</sup>, Н.А. Смаң<sup>2</sup>, А.М. Байарыстанова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Техн. ғылымдарының канд., доцент, <sup>2</sup>Магистрант  
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан

### ҚАЛАҚТАРЫ ӨЗІНЕН ЖЕЛДІ ӨТКІЗЕТІН ЖЕЛДӨҢГЕЛЕКТІҢ ОРНЫҚҚАН ҚОЗҒАЛЫСЫ

Жабық қорапты көп қалақты желдөңгелектің орныққан қозғалысының заңдылықтары қарастырылып, анықталды.

**Түйін сөздер:** жел, қалақ, желдөңгелек, жылдамдық, қарсылық күші, момент, қуат.

Жабық қорапта жұмыс жасайтын көп қалақты желдөңгелекті кішірейту мақсатымен өзінен желді өткізетін қалақтармен жабықтау ұсынылған [1, 2].

Желді өткізбейтін қалқан қалақты желдөңгелектің қалақтары жел легімен кезекпен әрекеттеседі [3]. Сол себепті желдөңгелек үлкен болады.

Жабық қорапты көп қалақты желқозғалтқышты құру үшін өзінен желді өткізетін қарсылық күшінің қалақтар жүйесімен жабықталған желдөңгелектің теориялық негізі болуы керек. Желқозғалтқыштың қалыпты жұмыс жасауы көп қалақты желдөңгелектің орныққан қозғалысымен байланысты болады. Осы себепті желді өткізетін қалақтармен жабықталған желдөңгелектің орныққан қозғалысы кезіндегі жел легімен әрекеттесу үрдісі зерттелді. Бұл үрдістің ерекшелігі желдөңгелектің қалақтары жел легінен шеңберлік жылдамдықпен қашатынында болып табылады.

Желқозғалтқыштың жел беретін құбырымен желдөңгелектің қуысына келетін жел легінің мөлшері

$$Q_s = p \cdot S_T \cdot V_1, \quad (1)$$

мұнда:  $p=1,25 \text{ кг/м}^3$  – жел легінің тығыздығы;  $S_T$  – жел беретін құбырдың көлденең қимасының ауданы,  $\text{м}^2$ ;  $V_1$  – келген жел легінің жылдамдығы,  $\text{м/с}$ .

Желдөңгелектің бірінші қалағына түсетін жел легінің жалпы мөлшері

$$Q_1 = p \cdot S_{\text{л}} \cdot (V_1 - U), \quad (2)$$

мұнда:  $S_{\text{л}}$  – желдөңгелек қалағының бетінің ауданы,  $\text{м}^2$ ;  $U$  – желдөңгелектің қалағының орта сызығының шеңберлік жылдамдығы,  $\text{м/с}$ .

Бірінші қалақтың желді өткізбейтін бетінде қалатын жел легінің бөлігінің мөлшері



$$Q_1' = p \cdot S_{\text{л}} \cdot K_n \cdot (V_1 - U), \quad (3)$$

мұнда:  $K_n = S_n / S_{\text{л}}$  – қалақтың желді өткізбейтін бетінің үлесі;  $S_n$  – қалақтың желді өткізбейтін бетінің ауданы, м<sup>2</sup>.

Бірінші қалаққа түсетін жел легінің қарсылық күші [3]

$$F_{C_1} = 0,5 \cdot C \cdot p \cdot S_{\text{л}} \cdot K_n \cdot (V_1 - U)^2, \quad (4)$$

мұнда:  $C$  – қалақтың жел легіне қарсылық коэффициенті [3].

Бірінші қалақтың тесіктерінен екінші қалаққа қарай өтетін жел легінің мөлшері

$$\begin{aligned} Q_2 &= Q_1 - Q_1' = p \cdot S_{\text{л}} \cdot (V_1 - U) - p \cdot S_{\text{л}} \cdot K_n \cdot (V_1 - U); \\ Q_2 &= p \cdot S_{\text{л}} \cdot (V_1 - U) \cdot (1 - K_n). \end{aligned} \quad (5)$$

Бірінші қалақтан өткен жел легі желдөңгелектің қуысына тарап, жылдамдығын өзгертеді [4]

$$Q_2 = p \cdot S_{\text{л}} \cdot V_2.$$

Осыны ескеріп (5) теңдеуден жел легінің 2-ші қалаққа түсетін жылдамдығын анықтаймыз:

$$p \cdot S_{\text{л}} \cdot V_2 = p \cdot S_{\text{л}} \cdot (V_1 - U) \cdot (1 - K_n);$$

осыдан

$$V_2 = (V_1 - U) \cdot (1 - K_n). \quad (6)$$

Жел легінің 2-ші қалаққа түсіретін қарсылық күші

$$\begin{aligned} F_{C_2} &= 0,5 \cdot C \cdot p \cdot S_{\text{л}} \cdot K_n \cdot V_2^2; \\ F_{C_2} &= 0,5 \cdot C \cdot p \cdot S_{\text{л}} \cdot K_n \cdot (V_1 - U)^2 \cdot (1 - K_n)^2. \end{aligned} \quad (7)$$

Екінші қалақтың желді өткізбейтін бетінде қалатын жел легінің мөлшері

$$\begin{aligned} Q_2' &= p \cdot S_{\text{л}} \cdot K_n \cdot V_2 = p \cdot S_{\text{л}} \cdot K_n \cdot (V_1 - U) \cdot (1 - K_n); \\ Q_2' &= p \cdot S_{\text{л}} \cdot K_n \cdot (V_1 - U) \cdot (1 - K_n). \end{aligned} \quad (8)$$

Екінші қалақтың тесіктерінен 3-ші қалаққа қарай өтетін жел легінің мөлшері

$$\begin{aligned} Q_3 &= Q_2 - Q_2' = p \cdot S_{\text{л}} \cdot (V_1 - U) \cdot (1 - K_n) - \\ &- p \cdot S_{\text{л}} \cdot K_n \cdot (V_1 - U) \cdot (1 - K_n); \\ Q_3 &= p \cdot S_{\text{л}} \cdot (V_1 - U) \cdot (1 - K_n)^2. \end{aligned} \quad (9)$$

Желдөңгелектің қуысына тараған жел легінің мөлшері

$$Q_3 = p \cdot S_{\text{л}} \cdot V_3.$$

Осыны ескеріп (9) теңдеуден 3-ші қалаққа түсетін жел легінің жылдамдығын табамыз

$$p \cdot S_{\text{л}} \cdot V_3 = p \cdot S_{\text{л}} \cdot (V_1 - U) \cdot (1 - K_n)^2;$$

осыдан

$$V_3 = (V_1 - U) \cdot (1 - K_n)^2. \quad (10)$$

Жел легінің 3-ші қалаққа түсіретін қарсылық күші

$$F_{C_3} = 0,5 \cdot C \cdot p \cdot S_{\text{л}} \cdot K_n \cdot V_3^2.$$

Осыған (10) формуланы қойып, келесі теңдеуді аламыз:

$$F_{C_3} = 0,5 \cdot C \cdot p \cdot S_{\text{л}} \cdot K_n \cdot (V_1 - U)^2 \cdot (1 - K_n)^4. \quad (11)$$

Үшінші қалақтың желді өткізбейтін бетінде қалатын жел легінің мөлшері

$$Q_3' = p \cdot S_{\text{л}} \cdot K_n \cdot V_3 = p \cdot S_{\text{л}} \cdot K_n \cdot (V_1 - U) \cdot (1 - K_n)^2;$$

$$Q_3' = p \cdot S_{\text{л}} \cdot K_n \cdot (V_1 - U) \cdot (1 - K_n)^2. \quad (12)$$

Үшінші қалақтың тесіктерінен 4-ші қалаққа қарай өтетін жел легінің мөлшері

$$Q_4 = Q_3 - Q_3' = p \cdot S_{\text{л}} \cdot (V_1 - U) \cdot (1 - K_n)^2 - p \cdot S_{\text{л}} \cdot K_n \cdot (V_1 - U) \cdot (1 - K_n)^2;$$

осыдан

$$Q_4 = p \cdot S_{\text{л}} \cdot (V_1 - U) \cdot (1 - K_n)^3. \quad (13)$$

Жел легі желдөңгелектің қуысына тарап жылдамдығын өзгертеді

$$Q_4 = p \cdot S_{\text{л}} \cdot V_4.$$

Осыны ескеріп 4-ші қалаққа түсетін жел легінің жылдамдығын табамыз

$$p \cdot S_{\text{л}} \cdot V_4 = p \cdot S_{\text{л}} \cdot (V_1 - U) \cdot (1 - K_n)^3;$$

осыдан

$$V_4 = (V_1 - U) \cdot (1 - K_n)^3. \quad (14)$$

Жел легінің 4-ші қалаққа түсіретін қарсылық күші

$$F_{C_4} = 0,5 \cdot C \cdot p \cdot S_{\text{л}} \cdot K_n \cdot V_4^2.$$

Осыған (14) формуланы қойып келесі теңдеуді аламыз

$$F_{C_4} = 0,5 \cdot C \cdot p \cdot S_{\text{л}} \cdot K_n \cdot (V_1 - U)^2 \cdot (1 - K_n)^6. \quad (15)$$

Көп қалақты желдөңгелектің орныққан қозғалысы кезінде жел легімен әрекеттесуінің келесі заңдылықтары айқындалды:

1) Қалақтан қалаққа жел легінің мөлшерінің өзгеру заңдылығы:

$$Q_1 = p \cdot S_{\text{Л}} \cdot (V_1 - U) - 1\text{-ші қалаққа түсетін жел легінің мөлшері};$$

$$Q_2 = p \cdot S_{\text{Л}} \cdot (V_1 - U) \cdot (1 - K_n) - 2\text{-ші қалаққа түсетін жел легінің мөлшері};$$

$$Q_3 = p \cdot S_{\text{Л}} \cdot (V_1 - U) \cdot (1 - K_n)^2 - 3\text{-ші қалаққа түсетін жел легінің мөлшері};$$

$$Q_4 = p \cdot S_{\text{Л}} \cdot (V_1 - U) \cdot (1 - K_n)^3 - 4\text{-ші қалаққа түсетін жел легінің мөлшері};$$

$Q_Z = p \cdot S_{\text{Л}} \cdot (V_1 - U) \cdot (1 - K_n)^{Z-1} - Z\text{-ші қалаққа түсетін жел легінің мөлшері}.$

2) Жел легінің жылдамдығының қалақтан қалаққа өзгеру заңдылығы:

$$V_1 - U - 1\text{-ші қалаққа түсетін жел легінің жылдамдығы};$$

$$V_2 = (V_1 - U) \cdot (1 - K_n) - 2\text{-ші қалаққа түсетін жел легінің жылдамдығы};$$

$$V_3 = (V_1 - U) \cdot (1 - K_n)^2 - 3\text{-ші қалаққа түсетін жел легінің жылдамдығы};$$

$$V_4 = (V_1 - U) \cdot (1 - K_n)^3 - 4\text{-ші қалаққа түсетін жел легінің жылдамдығы};$$

$$V_Z = (V_1 - U) \cdot (1 - K_n)^{Z-1} - Z\text{-ші қалаққа түсетін жел легінің жылдамдығы}.$$

3) Қалақтарға түсетін жел легінің қарсылық күшінің заңдылығы:

$$F_{C_1} = 0,5 \cdot C \cdot p \cdot S_{\text{Л}} \cdot K_n \cdot (V_1 - U)^2 - 1\text{-ші қалаққа түсетін қарсылық күші};$$

$F_{C_2} = 0,5 \cdot C \cdot p \cdot S_{\text{Л}} \cdot K_n \cdot (V_1 - U)^2 \cdot (1 - K_n)^2 - 2\text{-ші қалаққа түсетін қарсылық күші};$

$$F_{C_3} = 0,5 \cdot C \cdot p \cdot S_{\text{Л}} \cdot K_n \cdot (V_1 - U)^2 \cdot (1 - K_n)^4 - 3\text{-ші қалаққа түсетін қарсылық күші};$$

$F_{C_4} = 0,5 \cdot C \cdot p \cdot S_{\text{Л}} \cdot K_n \cdot (V_1 - U)^2 \cdot (1 - K_n)^6 - 4\text{-ші қалаққа түсетін жел легінің қарсылық күші};$

$$F_{C_Z} = 0,5 \cdot C \cdot p \cdot S_{\text{Л}} \cdot K_n \cdot (V_1 - U)^2 \cdot (1 - K_n)^{2(Z-1)} - Z\text{-ші қалаққа түсетін қарсылық күші}.$$

Желдөңгелектің орныққан қозғалысы кезінде оның жұмысшы қалақтарына түскен жел легінің қарсылық күштері желдөңгелектің айналдыру моментін құрайды

Желдөңгелектің жұмысшы қалақтарына түскен жел легінің қарсылық күштері желдөңгелекті айналысқа келтіреді

$$M_K = 0,25 \cdot (D_H + D_e) \sum_{i=1}^Z F_{C_i};$$

мұнда:  $Z$  – желдөңгелектегі жұмысшы қалақтар саны;  
 $F_{C_i} = 0,5 \cdot C \cdot p \cdot S_{\text{Л}} \cdot K_n \cdot (V_1 - U)^2 \cdot (1 - K_n)^{2(i-1)}$  –  $i$ -қалаққа түсетін жел легінің қарсылық күші.

$$\text{Сонда } M_K = 0,25 \cdot (D_H + D_e) \sum_{i=1}^Z 0,5 \cdot C \cdot p \cdot S_{\text{Л}} \cdot K_n \cdot (V_1 - U)^2 \cdot (1 - K_n)^{2(i-1)} \quad (16)$$

Желдөңгелектің қалағына түсетін жел легінің қарсылық күшінің қуаты

$$N_i = F_{C_i} \cdot U, \text{ Вт} \quad (17)$$

Желдөңгелектің барлық жұмысшы қалақтарына түскен жел легінің қарсылық күштерінің қосынды қуаты желдөңгелектің қуаты болады

$$N_K = \sum_{i=1}^Z N_i. \quad (18)$$

Қарсылық күшінің формуласын ( $F_{C_i}$ ) және (17), (18) теңдеулерді ескеріп, көп қалақты желдөңгелектің қуатының формуласын аламыз

$$N_K = \sum_{i=1}^Z 0,5 \cdot C \cdot p \cdot S_{\text{л}} \cdot K_n \cdot U \cdot (V_1 - U)^2 \cdot (1 - K_n)^{2(i-1)}. \quad (19)$$

мұнда:  $U$  – желдөңгелектің қалағының орта нүктесінің шеңберлік жылдамдығы, м/с.

Желдөңгелектің қуысындағы жел легінің жылдамдығының өзгеру заңдылығы

$$V_Z = (V_1 - U) \cdot (1 - K_n)^{Z-1}. \quad (20)$$

Осы заңдылықтан желдөңгелектің қалағының орта нүктесінің шеңберлік жылдамдығын анықтаймыз

$$U = V_1 - \frac{V_Z}{(1 - K_n)^{Z-1}}, \quad (21)$$

мұнда:  $V_Z$  – жел легінің желдөңгелектен шығу жылдамдығы, м/с.

Желқозғалтқыштан сыртқа шығатын жел легінің жылдамдығы ( $V_Z$ ) желдің жұмыс жасай алатын төменгі жылдамдығынан кем болмау керек

$$V_Z \geq V_{\min}, \quad (22)$$

мұнда:  $V_{\min} \geq 4 \text{ м/с}$  – жел легінің жұмыс жасай алатын төменгі жылдамдығы [3].

Сондықтан, желқозғалтқышқа кіретін ( $V_1$ ) және одан шығатын ( $V_Z$ ) жел легінің жылдамдығы шектеледі

$$K_V = \frac{V_1}{V_Z}, \quad (23)$$

мұнда:  $K_V$  – беріліс қатынасы.

Желқозғалтқыштың беріліс қатынасын ( $K_V$ ) ескеріп (21) формуланы келесі түрде жазуға болады

$$U = V_1 \cdot \left( 1 - \frac{1}{K_V \cdot (1 - K_n)^{Z-1}} \right). \quad (24)$$

Желқозғалтқыштың жел легінің жылдамдығын пайдалану коэффициенті

$$C_V = 1 - \frac{1}{K_V \cdot (1 - K_n)^{Z-1}}. \quad (25)$$

Сонда, желдөңгелектің шеңберлік жылдамдығы желқозғалтқышқа кіретін жел легінің жылдамдығына тәуелді келесі формуламен анықталады

$$U = C_V \cdot V_1 \quad (26)$$

Көп қалақты желдөңгелектің айналым саны

$$n_K = \frac{38,2}{D_H + D_e} \cdot C_V \cdot V_1 \quad (27)$$

Желқозғалтқыштың жел легінің жылдамдығын пайдалану коэффициенті ( $C_V$ ) желқозғалтқыштың беріліс қатынасына ( $K_V$ ), қалақтың желді өткізбейтін бетінің үлесіне ( $K_n$ ) және жұмысшы қалақтар санына ( $Z$ ) тәуелді болады.

Желдөңгелекті орнынан қозғалтуға қажетті жұмысшы қалақтар санын (20) формуладан  $U=0$  болу шартынан анықтауға болады:

$$V_Z = V_1 \cdot (1 - K_n)^{Z-1}; \quad (1 - K_n)^{Z-1} = \frac{V_Z}{V_1} = \frac{1}{K_V};$$

$$(Z - 1) \ln(1 - K_n) = \ln \frac{1}{K_V};$$

осыдан

$$Z = \frac{\ln 1 - \ln K_V}{\ln(1 - K_n)} + 1 = -\frac{\ln K_V}{\ln(1 - K_n)} + 1. \quad (28)$$

Желқозғалтқышқа кірген жел легінің оған берген энергия мөлшері

$$\Delta W = 0,5 \cdot m \cdot (V_1^2 - V_Z^2), \quad (29)$$

мұнда:  $m$  – желқозғалтқышқа кірген жел легінің массасы.

Бұл энергияның бір бөлігі желдөңгелекке өтеді, ал қалған бөлігі басқа шығындарға (үйкеліс, саңылаулардан сыртқа шығу және т.б.) кетеді.

Сондықтан, жел энергиясын жақсы пайдалану үшін желқозғалтқыштағы пайдасыз шығындарды азайтып, беріліс қатынасын ( $K_V$ ) үлкейту керек.

Өзінен желді өткізетін қалақтар жүйесімен жабдықталған желдөңгелекті желқозғалтқыштың беріліс қатынасы  $K_V > 5$  болғаны тиімді. Сондықтан желқозғалтқышқа кіретін жел легінің жылдамдығы  $V_1 \geq 20$  м/с болуы керек.

Көп қалақты желқозғалтқыштың айналдыру моментін жел жылдамдығын пайдалану коэффициенті ( $C_V$ ) бойынша анықтауға болады. Ол үшін (26) формуланы (16) теңдеуге қойып келесі формуланы ааламыз

$$M_K = 0,25 \cdot (D_H + D_e) \cdot \sum_{i=1}^Z 0,5 \cdot C \cdot (1 - C_V)^2 \cdot (1 - K_n)^{2(i-1)} \quad (30)$$

Көп қалақты желқозғалтқыштың қуатын жел жылдамдығын пайдалану коэффициенті ( $C_V$ ) бойынша анықтауға болады

$$N_K = \sum_{i=1}^Z 0,5 \cdot 25 C_V \cdot (1 - C_V)^2 \cdot (1 - K_n)^{2(i-1)} \quad (31)$$

Өзінен желді өткізетін қарсылық күшінің қалақтарымен жабдықталған желдөңгелектің құрылған математикалық үлгісі көп қалақты желқозғалтқышты жобалау әдістемесін құруға мүмкіндік жасайды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Койайдаров, Б.А. Көп қалақты желқозғалтқышты зерттеу [Мәтін] / Б.А. Койайдаров, Е.М. Кошеров // Механика және технологиялар. – 2014. – №2. – Б.77-83.
2. Кошеров, Е.М. Қалақты желқозғалтқышты құру және зерттеу [Мәтін] / Е.М. Кошеров / Магистірлік диссертация. – Тараз: Тараз университеті, 2014.
3. Фолькер Куашнинг. Системы возобновляемых источников энергии. Технология-расчеты-моделирование [Текст] / Куашнинг Фолькер. [Пер. с немецкого]. – Астана: Фолиант, 2013. – 432 с.
4. Кострюков, В.А.. Основы гидравлики и аэродинамики. [Текст] / В.А. Кострюков. – М.: Высшая школа, 1975.

*Материал редакцияға 19.05.16 түсті.*

**Б.А. Койайдаров, Н.А. Сман, А.М. Байарыстанова**

*Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан*

#### УСТАНОВИВШЕЕСЯ ДВИЖЕНИЕ ВЕТРОКОЛЕСА С ЛОПАСТЯМИ, ПРОПУСКАЮЩИЕ ПОТОКИ ВЕТРА

Рассмотрены и определены закономерности установившегося движения многолопастного ветроколеса, оформленного в закрытом корпусе.

**Ключевые слова:** ветер, лопасть, ветроколесо, скорость, сила сопротивления, момент, мощность.

**В.А. Koyaydarov, N.A. Sman, A.M. Bayarystanova**

*Taraz State University the M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan*

#### STEADY MOTION OF THE WIND WHEEL WITH PROPELLER BLADES, SKIPPING THE WIND FLOW

The regularities of steady motion of the multiblade wind wheel composed in a close hull are considered and identified.

**Keywords:** wind, vane, wind wheel, speed, resistance strength, moment, power.

ӘОЖ 621.311.24

Б.А. Қойайдаров<sup>1</sup>, Н.А. Сман<sup>2</sup>, А.М. Байарыстанова<sup>3</sup><sup>1</sup>Техн. ғылымдарының канд., доцент, <sup>2</sup>Магистрант  
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан**ӨЗІНЕН ЖЕЛДІ ӨТКІЗЕТІН ҚАРСЫЛЫҚ КҮШТІ ҚАЛАҚТАР  
ЖҮЙЕСІМЕН ЖАБДЫҚТАЛҒАН ЖЕЛДӨНГЕЛЕКТІҢ  
ҚОЗҒАЛЫСҚА КІРУІ**

Жабық қорапты көп қалақты желдөңгелектің қозғалысқа кіру заңдылықтары анықталған.

**Түйін сөздер:** жел, қалақ, желдөңгелек, жылдамдық, қарсылық күші, момент.

Қарсылық күшімен жұмыс жасайтын желқозғалтқыштардың негізгі кемшілігі – олардың қалақтары жел легінің күшіне кезекпен түседі. Сондықтан, мұндай желқозғалтқыштардың габаритті өлшемдері үлкен болып келеді [1].

Осыған байланысты, қалақтарының көбі жел легімен бір уақытта (параллель) әрекеттесетін көп қалақты желқозғалтқыш құру ұсынылған [2, 3].

Желдөңгелекте тізбектеліп орналасқан қалақтардың көбі жел легінде болу үшін қалақтар өзінен жел өткізетін болуы керек.

Қарсылық күшінің қалағы өзінен желді өткізу үшін тесіктері болуы керек немесе жел жүретін қуыс пішінді болады. Сонда, жел легі көп қалақты желдөңгелекте қалақтан қалаққа өтіп, оларға күш түсіреді.

Өзінен желді өткізетін қалақ беті желді өткізетін және өткізбейтін беттерден тұрады

$$S_{\text{Л}} = S_{\text{С}} + S_{\text{н}}, \quad (1)$$

мұнда:  $S_{\text{Л}}$  – қалақтың бетінің ауданы,  $\text{м}^2$ ;  $S_{\text{С}}$  – қалақтың желді өткізетін бетінің ауданы,  $\text{м}^2$ ;  $S_{\text{н}}$  – қалақтың желді өткізбейтін бетінің ауданы,  $\text{м}^2$ .

Қарсылық күшінің қалағының желді өткізбейтін бетінің үлесі

$$K_{\text{н}} = \frac{S_{\text{н}}}{S_{\text{Л}}}. \quad (2)$$

Өзінен желді өткізетін қалақтар желдөңгелектің жел жүретін қуысына біркелкі бұрыштық адыммен орналасады


$$\alpha_{\text{н}} = \frac{2\pi}{Z_{\text{Л}}} \quad (3)$$

мұнда  $Z_{\text{Л}}$  – желдөңгелектің қуысындағы қалақтар саны.

Көп қалақты желдөңгелектің корпусының құрылысы 1-суретте көрсетілді. Ол екі дискіден (1) және цилиндрден (2) тұрады. Дискілер (1) цилиндрге (2) пісіріліп бекітіледі. Қалақтар желдөңгелек қуысының ішіне біркелкі бұрыштық адыммен ( $\alpha_{\text{Л}}$ ) пісіріліп бекітіледі.

Көп қалақты желдөңгелек желқозғалтқыш корпусының ішіне білікке отырғызылады. Желдөңгелектің жел жүретін қуысына жел легі

желқозғалтқыштың құбырына бекітілген құбырмен беріледі. Құбырдың көлденең қимасының пішіні мен өлшемдері желдөңгелектің жел жүретін қуысының пішіні мен өлшемдеріндей болады.



Сурет 1. Желдөңгелек корпусының сызбасы

Көп қалақты желдөңгелектің параметрлері келесідей:  $D_n$  – сыртқы диаметрі;  $D_b$  – ішкі диаметрі;  $B$  – желдөңгелек қуысының ені;  $Z_n$  – қалақтар саны. Көп қалақты желқозғалтқышты жобалауда осы параметрлер анықталады. Ол үшін көп қалақты желдөңгелектің жұмыс жасауының барлық заңдылықтарын білу қажет. Сондықтан, осы жұмыста көп қалақты желдөңгелектің қозғалысқа кіру үрдісі қарастырылды.

Желқозғалтқыштың құбырымен келген жел легі тыныш тұрған желдөңгелектің қарсы орналасқан бірінші қалағына түседі.

Жел легінің қалақ бетіне түсіретін қарсылық күші келесідей болады [1]:

$$F_{C_1} = 0,5 \cdot C \cdot p \cdot S_n \cdot V_1^2, \quad (4)$$

мұнда:  $C$  – қалақтың қарсылық коэффициенті;  $p=1,25 \text{ кг/м}^3$  – жел легінің тығыздығы;  $V_1$  – қалаққа түскен жел легінің жылдамдығы, м/с;  $S_n=K_n \cdot S_n$  – қалақтың жел өткізбейтін бетінің ауданы,  $\text{м}^2$ .

Бірінші қалаққа түскен жел легінің бір бөлігі қалақ бетінде қалып қарсылық күшін ( $F_{C_1}$ ) тудырады, ал қалған бөлігі оның тесіктерінен өтіп, келесі қалаққа кетеді.

Желдөңгелектің бірінші қалағына келген жел легінің мөлшері

$$Q_1 = p \cdot S_n \cdot V_1. \quad (5)$$

Бірінші қалақтың бетінде қалған жел легінің бөлігінің мөлшері

$$Q'_1 = p \cdot S_n \cdot V_1 = \rho \cdot K_n \cdot S_n \cdot V_1. \quad (6)$$

Қалақтың тесіктерінен өтіп келесі қалаққа кеткен жел легінің мөлшері

$$\begin{aligned} Q_2 &= Q_1 - Q'_1 = p \cdot S_n \cdot V_1 - \rho \cdot K_n \cdot S_n \cdot V_1 = p \cdot S_n \cdot V_1 (1 - K_n); \\ Q_2 &= p \cdot S_n \cdot V_1 (1 - K_n), \end{aligned} \quad (7)$$



Қалақтың тесігінен өткен жел легі желдөңгелектің жел жүретін қуысына таралып, жылдамдығын өзгертеді

$$Q_2 = p \cdot S_{\text{Л}} \cdot V_2. \quad (8)$$

Осы (8) теңдеуді (7) теңдеуге қойып, жел легінің екінші қалаққа түсетін жылдамдығын анықтаймыз:

$$p \cdot S_{\text{Л}} \cdot V_2 = p \cdot S_{\text{Л}} \cdot V_1 \cdot (1 - K_n);$$

осыдан

$$V_2 = V_1 \cdot (1 - K_n). \quad (9)$$

Бірінші қалақтан өткен жел легінің екінші қалаққа түсіретін қарсылық күші

$$F_{C_2} = 0,5 \cdot C \cdot p \cdot S_n \cdot V_2^2. \quad (10)$$

Желдөңгелектегі барлық қалақтар бірдей деп есептейміз. Сондықтан (2) және (9) формулаларды ескеріп, (10) теңдеуді келесі түрде жазуға болады:

$$F_{C_2} = 0,5 \cdot C \cdot p \cdot S_{\text{Л}} \cdot K_n \cdot V_1^2 \cdot (1 - K_n)^2. \quad (11)$$

Екінші қалақтың жел өткізбейтін бетінде қалатын жел легінің бөлігінің мөлшері

$$Q_2' = p \cdot S_n \cdot V_2 = p \cdot S_{\text{Л}} \cdot K_n \cdot V_1 (1 - K_n);$$

$$Q_2' = p \cdot S_{\text{Л}} \cdot K_n \cdot V_1 (1 - K_n). \quad (12)$$

Екінші қалақтың тесіктері арқылы үшінші қалаққа қарай өтетін жел легінің мөлшері

$$Q_3 = Q_2 - Q_2' = p \cdot S_{\text{Л}} \cdot V_1 \cdot (1 - K_n) - p \cdot S_{\text{Л}} \cdot K_n \cdot V_1 \cdot (1 - K_n) =$$

$$= p \cdot S_{\text{Л}} \cdot V_1 \cdot (1 - K_n) \cdot (1 - K_n);$$

$$Q_3 = p \cdot S_{\text{Л}} \cdot V_1 \cdot (1 - K_n)^2. \quad (13)$$

Қалақтан қуысқа өткен жел легі кеңейіп, жылдамдығын өзгертеді

$$Q_3 = p \cdot S_{\text{Л}} \cdot V_3.$$

Осыны ескеріп (13) теңдеуден үшінші қалаққа түсетін жел легінің жылдамдығын табамыз

$$p \cdot S_{\text{Л}} \cdot V_3 = p \cdot S_{\text{Л}} \cdot V_1 \cdot (1 - K_n)^2;$$

осыдан

$$V_3 = V_1 \cdot (1 - K_n)^2. \quad (14)$$

Екінші қалақтан өткен жел легінің үшінші қалаққа түсіретін қарсылық күші

$$F_{C_3} = 0,5 \cdot C \cdot p \cdot S_{\text{Л}} \cdot K_n \cdot V_1^2 (1 - K_n)^4. \quad (15)$$

Үшінші қалақтың жел өткізбейтін бетінде қалатын жел легінің мөлшері

$$Q_3' = p \cdot S_{\text{Л}} \cdot K_n \cdot V_1 (1 - K_n)^2. \quad (16)$$

Үшінші қалақтың тесіктерінен төртінші қалаққа өтетін жел легінің мөлшері

$$\begin{aligned} Q_4 &= Q_3 - Q_3' = p \cdot S_{\text{Л}} \cdot V_1 \cdot (1 - K_n)^2 - p \cdot S_{\text{Л}} \cdot K_n \cdot V_1 \cdot (1 - K_n)^2 = \\ &= p \cdot S_{\text{Л}} \cdot V_1 \cdot (1 - K_n)^3; \\ Q_4 &= p \cdot S_{\text{Л}} \cdot V_1 \cdot (1 - K_n)^3. \end{aligned} \quad (17)$$

Желдөңгелектің қуысына өткен жел легі кеңейіп, жылдамдығын өзгертеді

$$Q_4 = p \cdot S_{\text{Л}} \cdot V_4.$$

Осыны ескеріп (17) теңдеуден төртінші қалаққа түсетін жел легінің жылдамдығын табамыз

$$p \cdot S_{\text{Л}} \cdot V_4 = p \cdot S_{\text{Л}} \cdot V_1 \cdot (1 - K_n)^3;$$

осыдан

$$V_4 = V_1 \cdot (1 - K_n)^3. \quad (18)$$

Үшінші қалақтан өткен жел легінің төртінші қалаққа түсіретін қарсылық күші

$$F_{C_4} = 0,5 \cdot C \cdot p \cdot S_{\text{Л}} \cdot K_n \cdot V_1^2 (1 - K_n)^6. \quad (19)$$

Жоғарыда қарастырылған үрдістер негізінде, өзінен желді өткізетін қарсылық күшінің қалақтар жүйесімен жабдықталған желдөңгелектің берілген жел легімен қозғалысқа кіру режимінде әрекеттесуінің келесі заңдылықтары айқындалады:

1. Жел легінің мөлшерінің өзгеру заңдылығы:

$$Q_1 = p \cdot S_{\text{Л}} \cdot V_1 - 1\text{-ші қалаққа түсетін жел легінің мөлшері};$$

$$Q_2 = p \cdot S_{\text{Л}} \cdot V_1 \cdot (1 - K_n) - 2\text{-ші қалаққа түсетін жел легінің мөлшері};$$

$$Q_3 = p \cdot S_{\text{Л}} \cdot V_1 \cdot (1 - K_n)^2 - 3\text{-ші қалаққа түсетін жел легінің мөлшері};$$

$$Q_4 = p \cdot S_{\text{Л}} \cdot V_1 \cdot (1 - K_n)^3 - 4\text{-ші қалаққа түсетін жел легінің мөлшері};$$

$$Q_Z = p \cdot S_{\text{Л}} \cdot V_1 \cdot (1 - K_n)^{Z-1} - Z\text{-ші қалаққа түсетін жел легінің мөлшері}.$$

2. Жел легінің жылдамдығының өзгеру заңдылығы:

$$V_1 - 1\text{-ші қалаққа түсетін жел легінің жылдамдығы};$$

$$V_2 = V_1 \cdot (1 - K_n) - 2\text{-ші қалаққа түсетін жел легінің жылдамдығы};$$

$$V_3 = V_1 \cdot (1 - K_n)^2 - 3\text{-ші қалаққа түсетін жел легінің жылдамдығы};$$

$$V_4 = V_1 \cdot (1 - K_n)^3 - 4\text{-ші қалаққа түсетін жел легінің жылдамдығы};$$

$$V_Z = V_1 \cdot (1 - K_n)^{Z-1} - Z\text{-ші қалаққа түсетін жел легінің жылдамдығы}.$$

3. Қалақтарға түсетін жел легінің қарсылық күшінің заңдылығы:

$$F_{C_1} = 0,5 \cdot C \cdot p \cdot S_{\text{Л}} \cdot K_n \cdot V_1^2 - 1\text{-ші қалаққа түсетін қарсылық күші};$$

$F_{C_2} = 0,5 \cdot C \cdot p \cdot S_{\text{л}} \cdot K_n \cdot V_1^2 \cdot (1 - K_n)^2$  – 2-ші қалаққа түсетін қарсылық күші;

$F_{C_3} = 0,5 \cdot C \cdot p \cdot S_{\text{л}} \cdot K_n \cdot V_1^2 (1 - K_n)^4$  – 3-ші қалаққа түсетін қарсылық күші;

$F_{C_4} = 0,5 \cdot C \cdot p \cdot S_{\text{л}} \cdot K_n \cdot V_1^2 (1 - K_n)^6$  – 4-ші қалаққа түсетін қарсылық күші;

$F_{C_Z} = 0,5 \cdot C \cdot p \cdot S_{\text{л}} \cdot K_n \cdot V_1^2 (1 - K_n)^{2(Z-1)}$  – Z-ші қалаққа түсетін қарсылық күші.

Желдөңгелектегі өзінен желді өткізетін қарсылық күшінің параллель жұмыс жасауға болатын қалақтар саны жел легінің күш түсіре алатын төменгі жылдамдығымен анықталады

$$V_Z = V_{\min}.$$

Осы шарттан желдөңгелектің параллель (тізбектеліп) жұмыс жасайтын қалақтар санын табуға болады:

$$V_Z = V_{\min} = V_1 \cdot (1 - K_n)^{Z-1}; \quad (1 - K_n)^{Z-1} = \frac{V_{\min}}{V_1};$$


$$(Z - 1) \ln(1 - K_n) = \ln \frac{V_{\min}}{V_1};$$

$$Z = \frac{\ln V_{\min} - \ln V_1}{\ln(1 - K_n)} + 1. \quad (20)$$

Қалақтар желдөңгелектің жел жүретін қуысында орналасады (2-сурет). Жел легі желдөңгелектің жел жүретін қуысына жел беретін құбырмен (1) келеді де, жел шығаратын құбырмен (2) сыртқа кетеді (2-сурет). Осы екі құбыр аралығындағы желдөңгелектің қуысында жұмысшы қалақтар орналасады. Сонда, желдөңгелектің жұмысшы қалақтар орналасатын бұрышы  $\varphi = \pi + \beta$  болады,

мұнда

$$\beta = \arccos \frac{D_g}{D_H}.$$



Сурет 2. Желдөңгелектің қалақтар санын есептеу сұлбасы

Желдөңгелектегі қалақтардың орналасуының бұрыштық адымы

$$\alpha_{\text{Л}} = \frac{\varphi}{Z} = \frac{\pi + \beta}{z}. \quad (21)$$

Желдөңгелектегі қалақтардың жалпы саны (3) формуламен анықталады.

Желдөңгелектің жұмысшы қалақтарына түскен жел легінің қарсылық күштері желдөңгелекті айналысқа келтіреді

$$M_K = 0,25 \cdot (D_H + D_6) \sum_{i=1}^Z F_{C_i};$$

$$M_K = 0,25 \cdot (D_H + D_6) \sum_{i=1}^Z C \cdot S_{\text{Л}} \cdot K_n \cdot V_1^2 \cdot p \cdot 0,5 \cdot (1 - K_n)^{2(i-1)}, \quad (22)$$

мұнда  $M_K$  – желдөңгелектің айналдыру моменті, Н·м.

Өзінен желді өткізетін қарсылық күшінің қалақтар жүйесімен жабдықталған желдөңгелектің қозғалысқа кіру кезіндегі айналдыру моментінің өзгеру заңдылығын анықтаймыз:  $D_H=400$  мм;  $D_6=200$  мм;  $B=50$  мм;  $\rho=1,25$  кг/м<sup>3</sup>;  $C=1,2$  – пластина қалақтың қарсылық коэффициенті [1];  $V_1=10$  м/с – желдөңгелекке кіретін жел легінің жылдамдығы;  $V_{\min}=4$  м/с – жел легінің желдөңгелектегі төменгі жылдамдығы;  $S_{\text{Л}}=0,5 \cdot (D_H - D_6) \cdot B=0,5 \cdot (0,4 - 0,2) \cdot 0,05=0,005$  м<sup>2</sup> – пластина пішінді қалақ бетінің ауданы; пластина қалақтың жел өткізбейтін бетінің үлесі:  $K_n=0,10$ ;  $K_n=0,15$ ;  $K_n=0,20$ ;  $K_n=0,25$ ;  $K_n=0,30$ ; жел беретін және шығаратын құбырлардың желдөңгелекке кіру бұрышы

$$\beta = \arccos \frac{0,2}{0,4} = 60^\circ; \beta = 60^\circ.$$

Желдөңгелекте жұмысшы қалақтардың орналасу бұрышы

$$\varphi = 180 + 60 = 240^\circ; \varphi = 240^\circ.$$


Қалақтың жел өткізбейтін бетінің үлесіне ( $K_n$ ) қатысты параметрлердің есептелген мәндері 1-кестеде келтірілді.

Кесте 1

Желдөңгелек параметрлері

$K_n$	0,10	0,15	0,20	0,25	0,30
$Z$ , дана	9	6	5	4	3
$\alpha_{\text{Л}}$ , град.	27	40	48	60	80
$Z_{\text{Л}}$ , дана	13	9	7	6	4
$M_K$ , Н·мм	25	26	28	29	29

Қалақтар жүйесінің жел өткізбейтін бетінің үлесіне ( $K_n$ ) тәуелді желдөңгелектің қалақтар саны ( $Z$ ) мен айналдыру моментінің ( $M_K$ ) өзгеру графиктері 3-суретте келтірілді. Қалақтардың жел өткізбейтін бетінің үлесі ( $K_n$ ) үлкейген сайын желдөңгелектің қалақтар саны ( $Z$ ) қисық сызықты заңдылықпен тез азаяды, ал айналдыру моментінің ( $M_K$ ) өзгеруі аз. Табылған заңдылықтардан (3-сурет) көп қалақты желдөңгелекті жел өткізбейтін бетінің үлесі 25% қалақтармен жабдықтау оңтайлы болатынын көруге болады.




Сурет 3. Желдөңгелектің қалақтар саны ( $Z$ ) мен айналдыру моментінің ( $M_K$ ) графиктері: 1 –  $M_K = M_K(K_n)$ ; 2 –  $Z = Z(K_n)$ .

Үш қалақты желдөңгелектің айналдыру моментінің ( $M_K$ ) қалақтардың жел өткізбейтін бетінің үлесіне тәуелді өзгеруі 2-кестеде және 4-суретте келтірілді.

Кесте 2

Желдөңгелектің айналдыру моменті

$K_n$	0,10	0,15	0,20	0,25	0,30
$M_K, \text{Н}\cdot\text{мм}$	14	19	23	26	29



Сурет 4. Желдөңгелектің айналдыру моментінің ( $M_K$ ) қалақтардың және өткізбейтін бетінің үлесіне ( $K_n$ ) және қалақтар санына ( $Z$ ) тәуелді өзгеру графиктері: 1 –  $M_K = M_K(K_n)$ ; 2 –  $M_K = M_K(K_n)$ .

Қалақтардың жел өткізбейтін бетінің үлесі ( $K_n$ ) үлкейген сайын желдөңгелектің айналдыру моменті ( $M_K$ ) қисық сызықты заңдылықпен өседі (4-сурет, 1-график).

Қалақтарының жел өткізбейтін беттерінің үлесі 15% желдөңгелектің айналдыру моментінің ( $M_K$ ) қалақтар санына ( $Z$ ) тәуелді есептелген мәндері 3-кестеде, ал өзгеру графигі 4-суретте келтірілді.

Кесте 3

Желдөңгелектің айналдыру моменті

Z, дана	1	2	3	4	5
M <sub>к</sub> , Н·мм	9	15	19	22	24

Желдөңгелектің айналдыру моменті (M<sub>к</sub>) қалақтар саны көбейген сайын қисық сызықты заңдылықпен өседі (4-сурет, 2-график).

Желдөңгелектің қалақтарына түскен қарсылық күштерінің (F<sub>C<sub>i</sub></sub>) моменті желдөңгелектің білігіндегі қарсылық моментінің (M<sub>c</sub>) шамасына жеткенде желдөңгелектің қозғалысы басталады

$$M_{\kappa} = 0,25 \cdot (D_H + D_{\theta}) \sum_{i=1}^Z F_{C_i} = M_c \quad (23)$$

Осы шарттан жел легі желдөңгелектің қай қалағына жеткенде қозғалыс басталатынын табуға болады:

$$F_C = \frac{M_c}{0,25 \cdot (D_H + D_{\theta})} = \sum_{i=1}^Z F_{C_i}, \quad (24)$$

мұнда: F<sub>C</sub> – желдөңгелектің қозғалысы басталатын жел легінің қарсылық күші, Н.

Егер  $F_{C_1} < F_C < F_{C_1} + F_{C_2}$  болса, онда желдөңгелектің қозғалысы жел легі 2-ші қалаққа түскенде басталады.

Ал, егер  $F_{C_1} + F_{C_2} < F_C < F_{C_1} + F_{C_2} + F_{C_3}$  болса, онда желдөңгелектің қозғалысы жел легі 3-ші қалаққа жеткенде басталады.

Өзінен желді өткізетін қалақтар жүйесімен жабдықталған желдөңгелектің жел жүретін қуысына берілген жел легінің жылдамдығы қалақтардан өткен сайын кішірейеді. Жел легінің желдөңгелектің қалақтарына түсетін жылдамдықтары формуламен

$$V_Z = V_1 \cdot (1 - K_n)^{Z-1} \quad (25)$$

есептеліп, 4-кестеде келтірілді.


Есептеу шарты: V<sub>1</sub>=10м/с; K<sub>n</sub>=0,25; Z=5.

Кесте 4

Қалақтардағы жел легінің жылдамдығы

Z, қалақ	1	2	3	4	5
V <sub>i</sub> , м/с	10	7,5	5,6	4,2	3,2

Желдөңгелектің жұмысшы қалақтарында жел легінің жылдамдығының өзгеру графигі 5-суретте көрсетілді. Жел легінің жылдамдығы қалақтан қалаққа кішірейеді, жұмысшы қалақтар саны өскен сайын жел легінің қалақтарға бөлінуіне байланысты қисық сызықты заңдылықпен төмендейді.



Сурет 5. Жел легінің жылдамдығының көп қалақты желдөңгелектің қалақтарындағы өзгеру графигі

Жоғарыда жүргізілген зерттеулердің нәтижесі бойынша келесі тұжырымдамаларды жасауға болады:

1) Өзінен желді өткізетін қалақтар жүйесімен жабдықталған желдөңгелектің жел жүретін қуысына берілген жел легінің мөлшері және жылдамдығы қалақтардан өткен сайын кішірейді;

2) Жел легінің қалақтарға түсірген қарсылық күштері желдөңгелекті қозғалысқа келтіретін айналдыру моментін тудырады;

3) Жел легі желдөңгелектің жел өтіндегі қалақтарының бірінде оны қозғалысқа кіргізеді. Қай қалақта қозғалыс басталатыны желдөңгелектің білігіне түскен қарсылық моментінің шамасына байланысты болады.

Жүргізілген зерттеулермен табылған заңдылықтар көп қалақты желдөңгелекті оңтайлап құрамдауға мүмкіндік жасайды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Фольклор Куашнинг. Системы возобновляемых источников энергии. Технология-Расчеты-Моделирование [Текст] / Куашнинг Фольклор. [Пер. с немецкого]. – Астана: Фолиант, 2013. – 432 с.
2. Қойайдаров Б.А., Кошеров Е.М. Көп қалақты қозғалтқышты зерттеу [Мәтін] / Б.А. Қойайдаров, Е.М. Кошеров // Механика және технологиялар. – 2014. – №2. – Б. 77-82.
3. Кошеров, Е.М. Көп қалақты қозғалтқышты құру және зерттеу [Мәтін] / Е.М. Кошеров / Магистрлік диссертация. – Тараз, 2014.

Материал редакцияға 19.05.16 түсті.

**Б.А. Қойайдаров, Н.А. Смаң, А.М. Байарыстанова**

*Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, РК*

#### НАЧАЛЬНОЕ ДВИЖЕНИЕ ВЕТРОКОЛЕСА, СНАБЖЕННОГО СИСТЕМОЙ ЛОПАСТЕЙ СОПРОТИВЛЕНИЯ, ПРОПУСКАЮЩИЕ ПОТОКИ ВЕТРА

Определены закономерности начального движения многолопастного ветроколеса, смонтированного в закрытом корпусе.

**Ключевые слова:** ветер, лопасть, ветроколесо, скорость, сила сопротивления, момент.

**В.А. Койыдаров, N.A. Sman, A.M. Bayarstanova**

*Taraz State University M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan*

### **INITIAL MOVEMENT OF THE WIND WHEEL, SUPPLIED WITH BLADE RESISTANCE SYSTEM, SKIPPING THE WIND FLOW**

The regularities of initial motion of the multiblade wind wheel assembled within an enclosure.

**Keywords:** wind, vane, wind wheel, speed, force resistance, moment.

УДК 678.06.5:539.3

**М.Т. Кейкиманова<sup>1</sup>, Д.С. Узбекова<sup>2</sup>, А. Кутгыбаев<sup>3</sup>, С. Ермаханова<sup>3</sup>**

*<sup>1</sup>Техн. ғылымдарының канд., доцент, <sup>2</sup>Оқытушы, <sup>3</sup>Студент  
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан*

### **ОРТОТРОПТЫ МАТРИЦА МЕН ТАЛШЫҚТАРДАН ТҰРАТЫН ҚҰБЫРДЫҢ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛЫНЫҢ СЕРПІМДІЛІК ҚАСИЕТТЕРІ**

Мақалада нығайту (армирлеу) коэффициенттері мен компоненттерінің механикалық қасиеттерінің нығайтылған материалдардан жасалған бөлшектеріндегі кернеудің таралуына әсерлері зерттелді.

**Түйін сөздер:** композициялық материал, кернеулі-деформацияланған күй, байланыстырушы және армирлеуші элемент, серпімді тұрақтылар, макроқұрылымдық деформация, изотропты, ортотропты және анизотропты орталар.


Композициялық материалдан жерасты құбырының кернеулі-деформацияланған күйін зерттеу барысында оның компоненттерінің қасиеттерін қарастыру қажет. Серпімді қасиеттерінің есебі құбыр материалының келтірілген серпімді тұрақтылары түрінде ұсынылуы мүмкін. Құрылымдық-біртексіз орталардың (композициялық материалдар) серпімді тұрақтыларын келтірудің математикалық әдістері, сонымен қатар мұндай материалдардың сипаттамаларын әртүрлі режимдерде эксплуатациялау жағдайында болжау А.Н. Власовтың жұмыстарында егжей-тегжейлі баяндалған [1]. Мұндай орташалаңдыру тәсілдері құрылымдық-біртексіз орталардың механикалық сипаттамаларын эксперименттік анықтау өте қымбат болғандықтан немесе қандай да бір себептердің әсерінен қиындық тудырған кезеңде орындалады. [2] жұмыста осы мақсат үшін байланыстырушы және армирлеуші материалдардың механикалық сипаттамаларымен, яғни нығайтудың (армирлеу) коэффициенттері мен геометриясымен материалдардың механикалық сипаттамаларының байланысы әдісі қолданылады. Нығайту коэффициенттері мен компоненттерінің механикалық қасиеттерінің нығайтылған материалдардан жасалған бөлшектеріндегі кернеудің таралуына әсерлері зерттелді. Байланыстырушы және нығайтушы элементтерінің материалы изотропты деп




қабылданған. Барлық есептеулер жазық параметрде орындалған. Осы тәсіл алғаш рет [3] жұмыста пластилин элементтері үшін, [4, 5] жұмыста қатпарлы қабықшалар үшін әзірленді. [6] жұмыста армирленген элемент трансверсальдық-изотропты, ал байланысқан элемент изотроптық деп саналады.

Алайда, композициялық материалдан жасалған конструкциялардың кернеулік-деформацияланған күйін анықтау есебін кеңістіктік қойылымда шешу үшін әртүрлі бағыттардағы серпімділік тұрақтылары туралы деректер қажет.

Бұл мақалада, құбыр материалының серпімді тұрақтыларын құраушы компоненттерінің қасиеттерін ескере отырып анықтау міндеті қойылған. Есеп кеңістіктік қойылымда орындалған. Байланыстырушы және армирленген элементтер материалдары изотроптық деп қабылданған. Құбырды цилиндрлік координаталар жүйесінде қарастырамыз (1-сурет). Қайталанатын элементті бөліп, (2-сурет [7]) құбырдан шағын бөлігін қиып аламыз.



Сурет 1. Цилиндрлік координаталар жүйесіндегі құбыр



Сурет 2. Композиттің қайталанатын құрылымдық элементінің сызбасы

Қайталанатын элементтің  $dS$  қабаты үшін тепе-теңдік теңдеулерін жазамыз:

$$\left\{ \begin{array}{l} \sigma_{11}^* = \psi \sigma_{11}^a + (1 - \psi) \sigma_{11}^m; \quad \sigma_{22}^* = \sigma_{22}^a = \sigma_{22}^m; \\ \sigma_{33}^* = \psi \sigma_{33}^a + (1 - \psi) \sigma_{33}^m; \quad \sigma_{12}^* = \sigma_{12}^a = \sigma_{12}^m; \\ \sigma_{13}^* = \psi \sigma_{13}^a + (1 - \psi) \sigma_{13}^m; \quad \sigma_{23}^* = \sigma_{23}^a = \sigma_{23}^m. \end{array} \right. \quad (1)$$

Орташаланған деформациялау қабаты және композициялық компоненттерін күшейту, сондай-ақ байланысу макроқұрылымдық деформациясы арасындағы қатынас төмендегідей болып табылады:

$$\left\{ \begin{array}{l} \varepsilon_{11}^* = \varepsilon_{11}^a = \varepsilon_{11}^m; \quad \varepsilon_{22}^* = \psi \varepsilon_{22}^a + (1-\psi) \varepsilon_{22}^m; \\ \varepsilon_{33}^* = \varepsilon_{33}^a = \varepsilon_{33}^m; \quad \varepsilon_{12}^* = \psi \varepsilon_{12}^a + (1-\psi) \varepsilon_{12}^m; \\ \varepsilon_{13}^* = \varepsilon_{13}^a = \varepsilon_{13}^m; \quad \varepsilon_{23}^* = \psi \varepsilon_{23}^a + (1-\psi) \varepsilon_{23}^m. \end{array} \right. \quad (2)$$

(1) және (2) формулаларда  $\sigma^*$  және  $\varepsilon^*$  –  $\psi$  армирлеу коэффициентімен  $dS$  қабатының кернеуі мен деформациясының орташа мәні. Талшықтың гексагональды қаптамасы үшін армирлеу коэффициенті мынадай теңдеу бойынша өрнектеледі

$$\psi = \sqrt{\frac{4\mu}{\pi} - \left(\frac{S}{S}\right)^2}$$

мұндағы  $\mu$  - композиттегі талшықтың салыстырмалы құрамы.  $a$  және  $m$  индекстері армирлеуші талшық пен матрицаға сәйкес қатысты болады.

Армирлеуші және байланыстырушы материалдар үшін Гуктың жалпылама заңы мынадай түрде жазылады

$$\left\{ \begin{array}{l} \varepsilon_{11}^a = \frac{1}{E_1^a} \sigma_{11}^a - \frac{\nu_{12}^a}{E_2^a} \sigma_{22}^a - \frac{\nu_{13}^a}{E_3^a} \sigma_{33}^a; \\ \varepsilon_{22}^a = -\frac{\nu_{21}^a}{E_1^a} \sigma_{11}^a + \frac{1}{E_2^a} \sigma_{22}^a - \frac{\nu_{23}^a}{E_3^a} \sigma_{33}^a; \\ \varepsilon_{33}^a = -\frac{\nu_{31}^a}{E_1^a} \sigma_{11}^a - \frac{\nu_{32}^a}{E_2^a} \sigma_{22}^a + \frac{1}{E_3^a} \sigma_{33}^a; \\ \varepsilon_{23}^a = \frac{1}{G_{23}^a} \sigma_{23}^a; \\ \varepsilon_{13}^a = \frac{1}{G_{13}^a} \sigma_{13}^a; \\ \varepsilon_{12}^a = \frac{1}{G_{12}^a} \sigma_{12}^a; \\ \varepsilon_{11}^m = \frac{1}{E_1^m} \sigma_{11}^m - \frac{\nu_{12}^m}{E_2^m} \sigma_{22}^m - \frac{\nu_{13}^m}{E_3^m} \sigma_{33}^m; \\ \varepsilon_{22}^m = -\frac{\nu_{21}^m}{E_1^m} \sigma_{11}^m + \frac{1}{E_2^m} \sigma_{22}^m - \frac{\nu_{23}^m}{E_3^m} \sigma_{33}^m; \\ \varepsilon_{33}^m = -\frac{\nu_{31}^m}{E_1^m} \sigma_{11}^m - \frac{\nu_{32}^m}{E_2^m} \sigma_{22}^m + \frac{1}{E_3^m} \sigma_{33}^m; \\ \varepsilon_{23}^m = \frac{1}{G_{23}^m} \sigma_{23}^m; \\ \varepsilon_{13}^m = \frac{1}{G_{13}^m} \sigma_{13}^m; \\ \varepsilon_{12}^m = \frac{1}{G_{12}^m} \sigma_{12}^m. \end{array} \right. \quad (3)$$

Орташаландырылған кернеу мен орташаландырылған деформациялар арасындағы қатынасты қорытып шығарамыз. Ол үшін (1) және (2) өрнектерден макроқұрылымдық компоненттерді алып тастаймыз.

Есептеулер нәтижесінде сызықтық деформациялар үшін алатынымыз:

$$\begin{cases} \varepsilon_{11}^* = A_{11}\sigma_{11}^* + A_{12}\sigma_{22}^* + A_{13}\sigma_{33}^*; \\ \varepsilon_{22}^* = A_{21}\sigma_{11}^* + A_{22}\sigma_{22}^* + A_{23}\sigma_{33}^*; \\ \varepsilon_{33}^* = A_{31}\sigma_{11}^* + A_{32}\sigma_{22}^* + A_{33}\sigma_{33}^*, \end{cases} \quad (4)$$

мұндағы  $A_{ij}$  коэффициенттері

$$A_{11} = \frac{a_{11}}{\Lambda}, \quad A_{12} = \frac{a_{12}}{\Lambda}, \quad A_{13} = \frac{a_{13}}{\Lambda}, \quad A_{21} = \frac{a_{21}}{\Lambda}, \quad A_{22} = \frac{a_{22}}{\Lambda}; \quad (5)$$

$$A_{23} = \frac{a_{23}}{\Lambda}, \quad A_{31} = \frac{a_{31}}{\Lambda}, \quad A_{32} = \frac{a_{32}}{\Lambda}, \quad A_{33} = \frac{a_{33}}{\Lambda};$$

$$\begin{aligned} \Lambda = & E_2^a E_2^m (\psi^2 (E_1^a E_3^m (v_{31}^m v_{13}^a - 1) + E_1^m E_3^m (1 - v_{31}^a v_{13}^a) + E_1^a E_3^a (1 - v_{31}^m v_{13}^m)) + \\ & + E_1^m E_3^a (v_{31}^a v_{13}^m - 1)) + \psi (2E_1^m E_3^m (v_{31}^a v_{13}^a - 1) + E_1^m E_3^a (1 - v_{31}^a v_{13}^m) + \\ & + E_1^a E_3^m (1 - v_{31}^m v_{13}^a)) + E_1^m E_3^m (1 - v_{31}^a v_{13}^a); \end{aligned}$$

$$a_{11} = \psi E_2^m E_2^a (E_3^m (v_{31}^a v_{13}^a - 1) - E_3^a (v_{31}^m v_{13}^m - 1)) + E_2^m E_2^a E_3^m (1 - v_{31}^a v_{13}^a);$$

$$\begin{aligned} a_{12} = & \psi^2 ((E_3^a E_1^m v_{13}^m (-v_{32}^a - v_{12}^a v_{31}^a) + E_3^m (v_{12}^a + v_{13}^a v_{32}^a) + E_3^a v_{12}^a (v_{13}^m v_{31}^m - 1)) E_2^m + \\ & - E_3^m E_2^a E_1^a v_{13}^a (v_{32}^m + v_{12}^m v_{31}^m) + (E_3^a (v_{12}^m + v_{32}^m v_{13}^m) + E_3^m v_{12}^m (v_{13}^a v_{31}^a - 1)) E_1^m E_2^a + \\ & + ((E_1^a v_{13}^a (v_{32}^m + v_{12}^m v_{31}^m) + 2E_1^m v_{12}^m (1 - v_{13}^a v_{31}^a)) E_3^m - E_1^m E_3^a (v_{12}^m + v_{32}^m v_{13}^m)) E_2^a - \\ & - E_3^m E_2^m E_1^a (v_{12}^a + v_{13}^a v_{32}^a) + E_1^m E_2^m E_3^a v_{13}^m (v_{12}^a v_{31}^a + v_{32}^a)) \psi + E_1^m E_3^m E_2^a v_{12}^m (v_{31}^a v_{13}^a - 1); \end{aligned}$$

$$a_{13} = \psi E_2^a E_2^m (E_1^a v_{13}^a (v_{31}^m v_{13}^m - 1) + E_1^m v_{13}^m (1 - v_{31}^a v_{13}^a)) + E_2^a E_2^m E_1^m v_{13}^m (v_{31}^a v_{13}^a - 1);$$

1. Баженов, Ю.М. Многокомпонентные мелкозернистые бетоны [Текст] / Ю.М. Баженов // Строительные материалы, оборудование, технологии XXI века. – 2001. – №10(33). – С.25-34.
2. Морозов, Н.М. Мелкозернистые бетоны с комплексными упрочняющими добавками [Текст] / Н.М. Морозов // Технические науки: теория и практика: материалы междунар. науч. конф. (г. Чита, апрель 2012 г.). – Чита: Издательство Молодой ученый, 2012. – С. 108-111.

*Материал поступил в редакцию 26.03.16.*

**А.А. Сагындыков, Н.Т. Карабаев, Р. Жанузак, Е.А. Абуталипов**

*М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., ҚР*

### ЗАМАНАУИ ҚОСПАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНЫП МАЙДА ТҮЙІРШІКТІ БЕТОННЫҢ ҚҰРАМЫН ЖОБАЛАУ

Мақалада майда түйіршікті бетонды зерттеу мәселелері қарастырылған. Ірі толтырғыш ретінде майда қиыршықталған қиыршық тас және өндірістің минералды қалдықтары пайдаланылған. Олардың қатаюын белсендіретін әртүрлі әдістер, сонымен қатар компоненттерді майда ұнтақтау және олардың құрылымының ақауларын жоюға бағытталған механикаландыру әдістері көрсетілген. Күлдің қасиеттеріне белсендіру уақытының әсері зерттелген. Химиялық және механикалық белсендірудің өзара әсерінен қышқыл күлдердің пуццоланды белсенділігінің артатындығы анықталған. Аралас байланыстырғыштың құрамы таңдалған, сонымен қатар бетон қоспасы мен бетонға модификациялайтын қоспалардың әсері зерттелген.

**Түйін сөздер:** майда түйіршікті бетон, модификациялайтын қоспалар, механикалық белсендіру, физикалық-механикалық қасиеттер, байланыстырғыш заттар.

**A.A. Sagyndykov, N.T. Karabaev, R. Zhanuzak, E.A. Abutalipov**

*Taraz State University the name of M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan*

### DEVELOPMENT OF THE COMPOSITION OF FINE CONCRETE USING MODERN ADDITIONS

The paper deals with the study of fine-grained concrete. As a coarse aggregate used finely crushed gravel and mineral waste industry. It shows various methods of using them to activate curing processes, including by mechanical fine grinding components and increase of defects in their structure. Researches activation time affecting the properties of the ash. It was found that the combined effect of mechanical and chemical activation increases pozzolanic activity of acidic angry. Produced selection of the composition of the mixed binder, as well as to study the effect of modifying additives on the properties of the concrete mix and concrete.

**Keywords:** fine-grained concrete, builders, mechanical activation, physical and mechanical properties, binder.



ӘОЖ 691.322

А.Ә. Сағындықов<sup>1</sup>, А.К. Медетов<sup>2</sup>, М. Сарбас<sup>3</sup>, К.Ш. Жылысбаев<sup>2</sup><sup>1</sup>Техн. ғылымд. д-ры, профессор, <sup>2</sup>Техн. ғылымд. канд., доцент, <sup>3</sup>Студент  
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., ҚР**ЖЭС КҮЛДЕРІ ЖӘНЕ ДОМНА ШЛАКТАРЫ НЕГІЗІНДЕГІ  
КҮЙДІРІЛМЕГЕН ЖЕҢІЛ ТОЛТЫРҒЫШТАР**

ЖЭС күлдері және домна шлактары негізіндегі күйдірілмеген жеңіл толтырғыштардың құрамдары, олардан жасалған жеңіл бетондар мен олардың физикалық-механикалық қасиеттерін зерттеу нәтижелері келтірілген.

**Түйін сөздер:** ЖЭС күлі, күйдірілмеген жеңіл толтырғыштар, жеңіл бетондар, түйіршіктеу, беріктік, орташа тығыздық.

Екібастұз көмір кен орнында, көмір жағудан пайда болған ЖЭС күлін жеңіл күйдірілмеген толтырғыштарды алуда негізгі шикізат ретінде пайдаланылды.

Көмір күлінің тығыздығы: нақты – 2,9-3,0 т/м<sup>3</sup>, сусымалы – 1,1-1,2 т/м<sup>3</sup>, меншікті беті – 150-220 м<sup>2</sup>/кг; №008 тордағы қалдық – 5,5-6,5% құрады.

Қара көмір күлдері бос СаО есебінен байланыстырғыш қасиетке ие, ал күлді тастың беріктігі 20-30 МПа дейін жетеді, алайда күлді алдын ала технологиялық өңдеусіз күлді өнімдердің құрылымын бүтіндей алу мүмкін емес [1-3].

Сулы-күлді суспенциядағы сутекті көрсеткіш 12-13 бірлік аралығында болады, қара көмір күлі сілтілік сипаттамаға ие екендігін көрсетеді және оны гидролизді лигнинде қышқылды қалдықтарды дисперстік бейтараптау ретінде қолдану мүмкіндігін жоғарылатады.

Әртүрлі бетондар үшін минералды күйдірілмеген толтырғыштар келесі тәсілмен алынады: күл әк немесе басқа белсенді компонентпен бірге ұнтақталып, ары қарай ұнтақталмаған күлмен араластырылып, түйіршіктер жасалады.

Түйіршіктеу үшін меншікті беті 1800-3000 см<sup>2</sup>/г және сусымалы тығыздығы 1,1-1,5 г/см<sup>3</sup> күл пайдаланылды. Беріктігі жоғары және тығыздықтың кең диапазонында түйіршікті материалдарды алу мақсатында минералды белсенді материалдарды пайдалана отырып құрамында органикалық компоненттері бар толтырғыштар құрамы дайындалған.

Зерттелетін құрамдарды түйіршіктеу зертханалық жағдайда легенді түйіршіктегіште әртүрлі бұрыш кезінде жүргізілді және түйіршіктеу уақыты 3-10 мин құрады.

Түйіршіктер бір және екі сатылы технологиямен дайындалған. Күл негізінде материалдар және олардың қоспалары бір сатылы технология бойынша қалыптасқан, ал органикалық материалдарды қолдана отырып – екі сатылы технология бойынша дайындалды. Басында органикалық жүрекшелер дайындалып, ал сосын күлден жасалған қабықшалар дайындалды. Ұнтақтардың түйіршіктенуін жақсарту үшін сұйық шишаның ерітіндісі қолданылды. Эксперимент нәтижесі 1-кестеде келтірілген.

Құрамдары: 1 – күл-әк; 2 – күл-цемент; 3 – шлак+күл; 4 – күл+лигнин; 5 – күл+ағаш ұнтақтар; 6 – шлак қаптамалары ішіндегі ағаш ұнтақтар; 7 – күл

қаптамалардың ішіндегі ағаш ұнтақтар; 8 – шлаккүлді қаптамалар ішіндегі ағаш ұнтақтар.

Кесте 1

Күйдірілмеген толтырғыштардың сипаттамасы

Құрамы	Фракция құрамы, мм			Түйіршік тығыздығы, г/см <sup>3</sup>	Беріктік, н/түйіршік	Құрылымды сапа коэффициенті
	10-20	5-10	5-тен аз			
1	22,4	67,1	10,5	1,9	118	6,1
2	34	61	5	1,75	172	9,7
3	48	45,4	6,6	1,17	178	9,6
4	4,7	80,4	14,9	1,25	52	3,8
5	4,5	84,8	9,7	1,17	67	5,4
6	4,2	34,4	61,4	1,25	52	5,7
7	4	30	66	0,75	62	7,1
8	3,5	25,5	71	0,84	63	7,0

Зерттелетін шихтаның түйіршіктелу қабілеттілігі өлшемі 10-20 мм түйіршіктің пайыздық шығысы бойынша анықталған. Барлық шихта үшін түйіршіктелудің алғашқы белгілері оның ылғалдығы 16-18% болған кезінде басталады.

Түйіршіктелудің максималды көрсеткіштері ұнтақталған күлді, шлакты пайдаланғанда болады және 10-20 мм фракцияның шығысы 90-97% құрайды. Шихтаның ылғалдылығы – 25-27% құрады.

Күл негізінде ылғалды түйіршікті күйдірілмеген толтырғыш алу келесі технологиялық сызбаларда ұсынылған:

*1 нұсқа.* Күл – ұсақтау – қоспалар құрамында цемент (10%) – түйіршіктеу – катаю – фракциялау.

*2-нұсқа.* Күл – ұсақтау – әк (5%) + цемент – түйіршіктеу – катаю – фракциялау.

*3-нұсқа.* Органикалық компонент – түйіршіктеу + цементті күл ұнтақ опалау компоненттері – катаю – фракциялау.

Мұндай технологиялар түйіршікті материалды алу позициясымен талап етілген техникалық (сусымалы тығыздық, беріктік), технологиялық (диффузиялық қасиеттер, айқасу), сондай-ақ пайдалану (аязға төзімділік, ұзақ уақыт жұмыс істеу) қасиеттері бойынша қарастырылады. Техникалық қасиеттері материалдың сапасын, технологиялық көрсеткіштері құрылысты конгломераттың құрамының бір бөлігі ретінде және ақырында, пайдалану қасиеттері күйдірілмеген толтырғыштарды қолдана отырып бетонның беріктігін қамтамасыз етеді.

Технологияға сәйкес компоненттерді араластыру және оны легенді түйіршіктегіште түйіршіктеу операцияларынан тұрады. Қоспалардың кесектелуі кезінде түйіршіктерге олардың катаю белсенділігі және шикізатты алынған түйіршіктерінің шығуына мүмкіндік жасайтын, реагенттердің сулы ерітіндісі беріледі. Толтырғышты алу жағдайында сыртқы төзімді қаптама алу үшін түйіршіктеу кезінде маркасы төмен цемент енгізіледі.

Қоспалар күл-цементті қоспаны пайдалану кезінде жақсы түйіршіктелінеді, алайда бұл толтырғыштың тығыздығын арттырады. CaCl<sub>2</sub> ерітіндісінің түйіршіктелінуі кезінде катаюды арттырып және Ca(OH)<sub>2</sub> және суды пайдалануға қарағанда үлгілердің беріктігінің артуын қамтамасыз етеді.

Шикі түйіршікті сынау ЖЭС күлі негізіндегі аглопоритті қиыршық тас өндірісі үшін арналған әдістемелік нұсқаға сәйкес жүргізілген. Шихтаның ылғалдылығы түйіршіктену кезінде 18-22% құрап, оның құрамына байланысты және түйіршіктеу үрдісі барысында орын алады.

Толтырғыштың әртүрлі фракциясының және құрамындағы тығыздық 500-1200 кг/м<sup>3</sup>, беріктік – 3-10 МПа құрады. Түйіршікті материалдың сипаттамалары 2-кестеде келтірілген.


Кесте 2

Дайындау технологиясына байланысты күлді толтырғыштың қасиеті

Технология нұсқалары	Фракция шығысы,		Тығыздық (кг/м <sup>3</sup> ) фракциясы, мм		Цииндрдегі сығу кезіндегі беріктік (МПа), фракциялар үшін, мм	
	5-10	10-20	5-10	10-20	5-10	10-20
1	4-9	91-96	1130-1240	1100-1180	9,2-9,8	8,5-9,3
2	5-12	88-95	760-870	710-820	7,6-8,4	6,6-7,4
3	6-12	88-94	520-630	460-560	3,6-4,7	3,1-4,2

Түйіршіктендіру кезінде шихтаның ылғалдылығы 18-22%. Кесектелуге жақсы қабілеттілік жұқа ұнтақталған шлақты байқатады, күл және олардың қоспалары 10-20 мм, фракцияның шығысы 90-97% құрайды.

Шихтаның түйіршіктілігі кешенді сипатта белгіленеді, яғни органикалық жүрекшеден және қаптамадан дайындалған, шлак немесе күлден орындалған түрі белгіленеді. Шихтаның түйіршіктелуі кезінде шектелуі жүрекшемен 10 мм фракцияның максималды шығысы белгіленеді. Бұл жағдайда 5-10 мм фракция шығысы 90% жетеді, оның ішінде 5 мм – 75-80% (1-сурет). Ірі фракцияның шығысын тіпті компоненттерді құрайтын ылғалды өзгерту кезінде, арттыруға қол жеткізу мүмкін болмайды. Мұндай органоминералды композицияларда зарядтылық өзінің әсерін байқатып және біртекті үлкен көлемді түйіршік алуға мүмкіндік бермейді.



Сурет 1. Меншікті беттің 10-20 мм фракция шығуына әсері

Түйіршікті материалдардың тығыздығы 2,0-ден 0,77 г/см<sup>3</sup> дейін қабылданды.

Шихта түйіршігі жасанды толтырғыштардың өндірісі үшін, сондай-ақ түйіршікті материалдарды алу үшін (мысалы, ЖЭС күлі), тасымалдау және түйіршік түріндегі дисперсті материалды сақтау үшін, өнімділігі 20 м<sup>3</sup>/с араластырғыш-түйіршіктегіштерде және Айрих неміс фирмасының легенді түйіршіктегішінде жүзеге асырылуы мүмкін. Грануляция технологиясы жоғары дисперсті минералды ұнтақтың негізінде тасымалдауға, сақтауға және құрылыс материалдарының басқа түрлерін алуға мүмкіндік береді.

Құрылым құру үрдісі және бетон қасиетіне толықтырғыштың қату уақытының әсері зерттелді.

Жалпылама әдістеме бойынша күйдірілмеген түйіршікті толықтырғыш негізіндегі бетон құрамын анықтау есебі жүргізілді. Ұсақ толықтырғыш негізінде кварцты және керамзитті құм қолданылды. Ірі күйдірілмеген түйіршікті толықтырғыштың екі фракциясы қолданылды: 5-10 мм және 10-20 мм 40 : 60% арақатынасында.

Байланыстырғыш ретінде 400 маркалы шлакопортландцемент пайдаланылды.

*1 м<sup>3</sup> бетон құрамының есебі.*

Кварцты құмда:

- цемент: 300 кг;
- құм: 600 кг;
- толықтырғыш фракциясы 5-10 мм: 440 кг;
- толықтырғыш фракциясы 10-20 мм: 440 кг;
- су: 182 л.

Керамзитті құмда:

- цемент: 280 кг;
- құм: 570 кг;
- толықтырғыш фракциясы 5-10 мм: 340 кг;
- толықтырғыш фракциясы 10-20 мм: 510 кг;
- су: 196 л.

Бетон қоспа есебінен қалыпты жағдайда 28 тәулікте қатайтылған, қабырғасы 100 мм кубтар қалыпталды.

Толықтырғыштың қату уақытының әсерін орнату үшін бетон үлгілері 3, 7, 14 және 28 тәулік уақытында қатайтылды. Сонымен қатар салыстыру үшін толтырғыштар негізінде бетон үлгілері 28 тәулік ішінде қатайтылды.

Бетон үлгілері 3, 7, 14, 28 тәуліктен кейін сығуға сыналды (3-кесте).

### Кесте 3

Әртүрлі уақытта қататын толықтырғыш үлгілерінің сығылу кезіндегі беріктігі

Толықтырғышты алуға арналған қоспа құрамы	Толықтырғыштың қатаю уақыты, тәу.			
	Бетон үлгілерін сығылудағы беріктігі МПа			
	3	7	14	28
Шлак (100%)	24,5	23,7	21,0	18,3
Шлак + цемент (100%)	28,7	26,0	24,2	20,5
Шлак + күл (100%)	29,3	27,6	25,5	22,8
Микрокремнезем + цемент (20%)	13,2	12,0	11,2	10,7

*Ескерту. Үш анықтағыштың орташа мәні келтірілген.*

Зерттеу нәтижесі бетон беріктігінің үлгісі негізінде толықтырғыштың алдын ала аз уақытта қатуы жоғары екендігін көрсетті. Бұл бетон үлгісінің құрамында бір мезетте күлді шлак және цементті шлақты толықтырғыштарда

және бетон бөлігінің ерітіндісіндегі цементтің гидратация үрдісінің бірдей жүретіндігінде. Бұл жағдайда «толықтырғыш – бетонның ерітілген бөлшегі» жанасқан аймағында өзара гидратты қосылысты қалпына келтіру жүреді, толықтырғыш пен ерітілген бетон бөлшегінің арасында жоғары тығыздықпен ілінісуі қамтамасыз етіледі.

Толықтырғышты микрокремнезем және цемент негізінде қолдану төменгі дәрежеде көрінеді.

Байқалған эффект күйдірілмеген шлак негізіндегі бетонның беріктігін реттеуге мүмкіндік береді. Табиғи шағал немесе керамзит сияқты толықтырғыштан тұратын бетондарда бұл құбылыс байқалмайды. Бұл жағдайда толықтырғыш және жанасқан зонадағы бетон тығыздығы цементті тас беріктігі есебінен қамтамасыз етіледі.

Ұнтақты шлак және күл негізіндегі күйдірілмеген түйіршікті толықтырғыш беріктігі жоғары аталған фактормен, сондай-ақ жанасқан зонада физикалық-химиялық үрдіс есебінен қамтамасыз етіледі.

Цементті-шлакты қоспа және микрокремнезем қолданылған қоспадан ірі толықтырғыштарды пайдалана отырып алынған бетон үлгілерін сынау нәтижелері 4-кестеде келтірілген. Ұсақ толықтырғыш ретінде кварцты және керамзитті құм қолданылған.

#### Кесте 4

Күйдірілмеген түйіршікті толықтырғыштар негізіндегі бетондардың қасиеттері

№	Күйдірілмеген түйіршікті толықтырғыш қолданылған бетон	Орташа тығыздық, кг/м <sup>3</sup>	Сығылған-дағы беріктік, МПа	Салмаққа байланысты су сіңіру, %
1	Кварцты құмдағы бетондар	-	-	-
2	Өте ұсақ ұнтақты доменді шлак негізіндегі толықтырғыш	1500	18,3	5,5
3	Өте ұсақ ұнтақты доменді шлак + шлакопортланд-цемент (10%) негізіндегі толықтырғыш	2000	20,5	4,8
4	Өте ұсақ ұнтақты доменді шлак + микрокремнезем негізіндегі толықтырғыш	1000	11,5	12,0
5	Органикалық ядромен өте ұсақ ұнтақты доменді шлак негізіндегі толық-тырғыш	700	8,3	15,4
6	Керамзитті құмдағы бетондар			
7	Өте ұсақ ұнтақты доменді шлак негізіндегі толық-тырғыш	1200	12,4	14,5
8	Өте ұсақ ұнтақты доменді шлак + шлакопортланд-цемент (10%) негізіндегі толықтырғыш	1250	13,5	15,0
9	Өте ұсақ ұнтақты доменді шлак және микрокремнезем негізіндегі толықтырғыш	850	10,8	18,2

Күйдірілмеген түйіршіктелген тотықтырғышты бетонның беріктігін есептеу барысында жай бетонның классикалық формуласы қолданылады:

$$R_6 = A * R_u ((C/B) + 0,5) * K_c \quad (1)$$

мндағы: А – күйдірілмеген толықтырғыш сапасы (А=0,6); R<sub>6</sub> – цемент маркасы; C/B – сулы-цементті қатынас (1,4-2,5); K<sub>c</sub> – 1,1-1,3 тең күйдірілмеген толықтырғыштың қатаю уақытын есептейтін коэффициент.

Толықтырғыштың үш күн ішіндегі қату кезіндегі бетон беріктігі 24-29 МПа, ал 28 күнде – 18-22 МПа көрсетті. Бұл толықтырғыш құрылымындағы цементті тастар, гидратация және беріктіктің өсуімен түсіндіріледі. Макротүсірілім кезінде бұзылған бетонның сипаттамасы олардың ерітінді бөлігінде, сондай-ақ ірі толықтырғыш бойынша қирауы байқалған. Бұл ірі толықтырғыштың және бетон үлгісінің бір уақытта қатаюына тәуелді.

Күлді күйдірілмеген түйіршікті материалдардың өндірісі Қазақстанның шығыс, солтүстік және оңтүстік аймақтарында ұйымдастырылуы мүмкін.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Уфимцев, В.М. Вяжущие из высококальциевых зол теплоэнергетики и перспективы их применения в строительстве [Текст] / В.М. Уфимцев // Изв. вузов. Строительство. – 1994. – №11. – С. 84-87.
2. Волженский, А.В. Применение зол и топливных шлаков в производстве строительных материалов [Текст] / А.В. Волженский, И.А. Иванов, Б.Н. Виноградов. – М.: Стройиздат, 1984. – 246 с.
3. Федина, О.Н. Гранулированный теплоизоляционный материал на основе древесных отходов и изделия из него [Текст] / О.Н. Федина // Труды НГАСУ. – 2006. – Т. 9, № 3 (37). – С. 21-24.

*Материал редакцияға 21.04.16 түсті.*

**А.А. Сағындыков, А.К. Медетов, М. Сарбас, К.Ш. Жылысбаев**

*Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан*

#### НЕОБОЖЖЕННЫЕ ЛЕГКИЕ ЗАПОЛНИТЕЛИ НА ОСНОВЕ ЗОЛ ТЭЦ И ДОМЕННЫХ ШЛАКОВ

Представлены результаты исследований состава необожженных легких заполнителей на основе зол ТЭЦ и доменных шлаков, а также физико-механические свойства легких бетонов, полученных на их основе.

**Ключевые слова:** зола ТЭЦ, необожженные легкие заполнители, легкие бетоны, комкование, прочность, средняя плотность.

**A.A. Sagyndykov, A.K. Medetov, M. Sarbas, K.Sh. Zhylysbayev**

*Taraz State University the name of M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan*

#### UNFIRED LIGHTWEIGHT AGGREGATES ON THE BASE OF CHP ASHES AND BLAST FURNACE SLAGS

The results of studies of the composition of unfired lightweight aggregates based on CHP ashes and blast-furnace slags, as well as the physical and mechanical properties of lightweight concrete produced on their basis.

**Keywords:** CHP ashes, unfired lightweight aggregates, lightweight concretes, clumping, strength, medium density.

---

**ФИЗИКА**


---

ӨОЖ 53(076.1)

**М.Т. Кейкиманова<sup>1</sup>, Д.С. Узбекова<sup>2</sup>, А. Куттыбаев<sup>3</sup>, С. Ермаханова<sup>3</sup>***<sup>1</sup>Техн. ғылымдарының канд., доцент, <sup>2</sup>Оқытушы, <sup>3</sup>Студент  
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан***ФИЗИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУДА ОМ ЗАҢЫНЫҢ  
ЖАЛПЫ ТҮРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ ТУРАЛЫ**

Ом заңының жалпы түрін қорытып шығарудың бірегей түрі ұсынылған. Электр энергиясын (токты) тұтынушының «қарсы - ЭҚК»-ның физикалық мағынасы түсіндірілген. Физика курсында Ом заңының жалпы түрінің қолданылуын баяндауда электр энергиясын жылудан басқа энергия түрлеріне түрлендіретін кез-келген ток тұтынушыларынан тұратын тұрақты токтың электр тізбегін оңай есептеу жолдары көрсетілген. Осы тәрізді басқа да электр тізбектерін есептеудің мысалдары көрсетілген. Студенттердің жеке жұмыс жасауы үшін тапсырмалар берілген.

**Түйін сөздер:** электр қозғаушы күші, Ом заңының жалпы түрі, ток тұтынушы.

Жалпы орта мектептерде тұрақты электр тогының есептерін шығару үшін Ом заңының жалпы түрі кеңінен қолданылады:

$$E - e = I \sum R$$

мұндағы:  $E$  – ток көзінің ЭҚК;  $e$  – электр энергиясын (токты) тұтынушының «қарсы - ЭҚК» деп аталатын шама;  $I$  – тізбектегі ток күші;  $\sum R$  – тізбектегі жалпы актив кедергі.

Токты тұтынушы деп тізбектегі ток көзінің электр энергиясын жылудан басқа энергиялардың барлық түріне айналдыратын кез-келген элементті айтады. Мұнда ток көзінің энергиясын механикалық (электрқозғаушы) және химиялық (электролиттік ванналар, аккумуляторлар) энергияларға түрлендіретін тұтынушылар ғана қарастырылады.

Ом заңының жалпы түрін қорытып шығару төмендегідей орындалады [1].

Ток тұтынушысы бар тізбек үшін энергияның сақталу заңы негізінде мынадай өрнек жазылады:  $EI = I^2 \sum R + P$

мұндағы:  $EI$  – ток көзінің қуаты;  $I^2 \sum R$  – тізбектің актив кедергісіне шығындалатын қуат;  $P$  – ток тұтынушысының қуаты.

Теңдеудің екі жағын тізбектегі ток күшіне бөлгенде, алатынымыз:

$$E = I \sum R + \frac{P}{I} \text{ немесе } E - \frac{P}{I} = I \sum R$$

$\frac{P}{I}$  қатынасының табиғаты ток көзінің ЭҚК-нің табиғатындай және вольтпен өлшенуі керек екендігі көрсетіледі.  $e = \frac{P}{I}$  өрнегіндегі қатынасы ток көзінің ЭҚК-нен алынып тасталынып («минус» таңбасымен алынады), ток тұтынушының ЭҚК-не қарсы шама деп аталады.

Бәрінен бұрын ток тұтынушысының ЭҚК-не қарсы ұғымды енгізуде бұл физикалық шаманың табиғатының мүлдем ашылмағандығына мән беріледі, яғни формалды түрде алынады. Екінші жағынан, авторлар ток көзінің электр энергиясын механикалық және химиялық энергияға түрлендіретін ток тұтынушыларымен ғана шектеледі.

Сондықтан біздің көзқарасымыз бойынша Ом заңының жалпы түрін қолдану идеясының өзі нәтижелі болып отыр. Шындығында, ең көп тәжірибелік қызығушылық құрамындағы тұтынушы токтары бар тізбектердің есептелуінен туады, ол токтардың жылудан басқа электр энергиялары энергияның басқа түрлеріне ауысады, олар: химиялық, механикалық, магнит өрісінің энергиясы, электр өрісінің энергиясы және т.с.с.

Бұл тізбектерді қарапайым әдіспен есептеу қиындық тудырады, алайда Ом заңының жалпы түрін қолдану арқылы әлдеқайда жеңілдетуге болады. Бірақ француз оқулықтарындағы қорытындылар кейбір түзетулерді қажет етеді: біріншіден, қарсы-ЭҚК-нің физикалық маңыздылығын анықтау керек, екіншіден, кез-келген тұтынушы ток заңының пайдалану аймағын кеңейту қажет. Сонымен қатар, Ом заңының жалпы түріндегі есептерді шешу кезінде қолдануларды көрсеткен жөн болады.

Жалпы түрде, тұйық тізбектегі ток көзінің энергиясының есебінен өткізгіш қыздырылады, механикалық жұмыс атқарылып, химиялық реакция орындалады, ал энергияның біраз бөлігі магниттік, электр өрістерінің және т.с.с. энергияларға айналады, яғни энергияның сақталу заңы бойынша:

$$E_{ист} = E_{темп} + E_{мех} + E_{хим} + E_{маг} + E_{эл} + E_{др}$$

Тендеудің екі бөлігін электр тогының жұмыс жасау уақытына бөлсек, қуаттың мәнін аламыз :

$$P_{ист} = P_{темп} + P_{мех} + P_{хим} + P_{маг} + P_{эл} + P_{др}$$

Мұндай тізбек үшін Ом заңын тұжырымдамас бұрын, бірнеше дербес жағдайды қарастырайық.

1. Электр тогы тізбегінде  $E$  -ЭҚК-і,  $r$  - ішкі кедергісі,  $r_1$  - ішкі кедергісі бар аккумулятор және кедергісі  $R_1$  - реостат бар делік. Бұл тізбектің эквивалентті сұлбасы 1-суретте көрсетілген.

Энергияның сақталу заңы бойынша:

$$EI = I^2 r + I^2 r_1 + I^2 R_1 + P_{хим} \quad \text{немесе} \quad EI = I^2 (r + r_1 + R_1) + P_{хим} \quad (1)$$

$EI$  - ток көзінің электр қуаты;  $I^2 (r + r_1 + R_1) = I^2 \sum R$  - жылуға түрлендірілген ток көзі қуатының бір бөлігі; ( $\sum R$  - тізбектің жалпы актив кедергісі);  $P_{хим}$  - аккумуляторды пайдаланып химиялық реакция жасауға кеткен ток көзінің қуатының қалған бөлігі.



(1) теңдеудің екі жағын да  $I$ -ге бөлеміз:

$$E = I \sum R + \frac{P_{хим}}{I} \text{ немесе } E - \frac{P_{хим}}{I} = I \sum R \quad (2)$$

Эквивалентті сұлбадағы аккумулятор кемшіліксіз (шығыны жоқ) болғандықтан, тұтынылатын электр көзінің барлық қуаты  $P_e$  аккумуляторды зарядтау кезіндегі өтетін химиялық реакцияға жұмсалады, яғни  $P_{хим} = P_e$ .

Бірақ  $P_e = IU$  және  $\frac{P_e}{I} = U$ , мұндағы  $U$  – аккумулятор қысқыштарына түсетін кернеу. Кемшіліксіз аккумулятордың қысқыштарына түсірілетін кернеу модулі жағынан аккумулятордың ЭҚК-не тең екендігі белгілі: Ендеше,  $U = E_{белс}$ . Сонда  $\frac{P_e}{I} = \frac{P_{хим}}{I} = E_{белс}$  және (2) формула келесі түрде жазылады:

$$E - E_{белс} = I \sum R \quad (3)$$

Құрамында «ерімейтін электроды» бар электролит ваннасы (көміртекті, платиналы және т.б. поляризация процесі орындалатын) және ток көзі бар тізбекке қатысты осындай пікірлер, ұқсас формулаларды туындатады:

$$E - E_{пол} = I \sum R \quad (4)$$

$$\frac{P_{хим}}{I} = E_{пол} \text{ - ЭҚК-нің поляризациясы.}$$

2. Құрамында ток көзі, кедергісі  $R_l$  реостат және орама кедергісі  $r_l$  тұрақты токтың электрқозғалтқышы (тізбектің эквивалентті сұлбасы 2-суретте көрсетілген) бар электр тізбегін қарастырамыз.

Энергияның сақталу заңы бойынша:

$$EI = I^2 r + I^2 r_l + I^2 R_l + P_{мех} \text{ немесе } EI = I \sum R + P_{мех}, \text{ осыдан}$$

шығатыны :

$$E - \frac{P_{мех}}{I} = I \sum R \quad (5)$$

мұндағы:  $P_{мех}$  – электрқозғалтқышта механикалық қуатқа түрлендірілген ток көзінің электр қуаты бөлігі.

Егер кемшіліксіз электромотор (шығыны жоқ) механикалық жұмыс атқарса, онда ток көзінен барлық шығындалған электр қуаты механикалық қуатқа өзгереді, яғни  $P_{мех} = P_e$ . Бірақ  $P_e = IU$  және  $\frac{P_e}{I} = U$ , мұндағы  $U$  – мотор қысқыштарына түсетін кернеу.

Егер мотор номиналды сандағы айналым жасаса, оның қысқыштарына түсетін кернеу  $U$  модулі бойынша статордың магнит өрісіндегі ротордың айналуы салдарынан пайда болған индукциялық ЭҚК-  $E_i$  -не тең болады (басқаша жағдайда Ом заңына сәйкес ток шексіз арта берер еді): яғни  $U = E_i$

Сонда  $\frac{P_e}{I} = \frac{P_{\text{мех}}}{I} = E_i$  және (5)-ші формула келесі түрде жазылады :

$$E - E_i = I \sum R \quad (6)$$

3. Енді тұрақты ток көзіне қосылған индуктивтілігі  $L$  катушкадан және  $R_L$  кедергіден тұратын тізбекті қарастырамыз (эквивалентті сұлбасы 3-суретте көрсетілген).

Мұндай тізбекте кілт тұйықталуы кезінде өзіндік индукция құбылысының пайда болуының әсерінен, ток күші нөлден  $I_0$  -ге дейін өседі. Кез келген уақытта тізбектегі ток күшінің өзгеруіне байланысты, энергияның сақталу заңы келесі түрде жазылады:  $EI = I^2(r + R_1) + P_{\text{маг}}$ , мұндағы  $P_{\text{маг}}$  - индуктивті катушканың магнит өрісіндегі қуатына түрленген, ток көзі электр қуатының бөлігі .

Жоғарыдағы өзгерістерден алатынымыз :

$$E - \frac{P_{\text{маг}}}{I} = I \sum R \quad (7)$$

Катушканың магнит өрісіндегі энергиясы (индуктивтік катушканың энергиясы) белгілі формуламен есептеледі:  $W_{\text{маг}} = \frac{LI^2}{2}$ . Магнит өрісінің қуаты, оның энергиясының жылдамдығының өзгеруімен байланысты, яғни уақыт бойынша энергияның туындысы

$$P_{\text{маг}} = (W_{\text{маг}})' = \left(\frac{LI^2}{2}\right)' = LI \left(\frac{dI}{dT}\right)$$

Сонда  $\frac{P_{\text{маг}}}{I} = L \frac{dI}{dT}$  болады. Бірақ  $L \frac{dI}{dT}$  -ның мәні өзіндік

индукцияның  $E_c$  ЭҚК -нің модулін көрсетеді. Қорыта келгенде  $E_c = \frac{P_{\text{маг}}}{I}$  және (7) формуласы келесі түрде жазылады:

$$E - E_c = I \sum R \quad (8)$$

4. 4-суреттегі тізбекті қарастырайық. Кілттің тұйықталуы кезінде, тізбекте конденсатордың зарядына байланысты, мәні нөлге дейін төмендейтін  $I$  ток өтеді. Бұл кезде, ток көзінің қуатының біраз бөлігі жылуға және қалған бөлігі зарядталатын конденсатордың  $P_{\text{эл}}$  электр өрісінің қуатына айналады, ал конденсаторды зарядтауда кез-келген уақыт мезеті үшін келесі өрнекті аламыз:

$$EI = I^2(r + R_1) + P_{\text{эл}} \text{ немесе } E - \frac{P_{\text{эл}}}{I} = I \sum R \quad (9)$$

Кез-келген уақыттағы электростатикалық өрістегі конденсатордың энергиясы  $W_e = \frac{q^2}{2C}$  формуласымен есептеледі,  $q$  – конденсатордағы заряд және  $c$  – оның электр сыйымдылығы.

Электростатикалық өрістің қуаты деп осы өрістің энергиясының өзгеру жылдамдығына тең шаманы, яғни энергияның уақыт бойынша туындысын айтамыз:

$$P_{эл} = (W_e)' = \left(\frac{q^2}{2C}\right)' = \frac{q}{C} \frac{dq}{dt}$$

$$I = \frac{dq}{dt} \text{ және } \frac{q}{C} = U_k \text{ екендігін ескеріп: } \frac{P_{эл}}{I} = U_k \text{-ді анықтаймыз.}$$

Мұндағы  $U_k$  – конденсатор астарларындағы кернеуі. Нәтижесінде (9)-шы теңдеуден алатынымыз :

$$E - U_k = I \sum R \quad (10)$$

(3), (4), (6), (8), (10) теңдеулерді есептей келе қорытындылағанымыз, электр тізбектерінде (химиялық, механикалық, магнитті және электростатты өрістегі қуаттар) қолданылатын кез-келген қуат  $P$ , жылудан басқа, бағытталған, тізбектегі токқа бөлінген ЭҚК ток көзіне қарсы ЭҚК (ЭҚК аккумуляторы, ЭҚК поляризациясы, ЭҚК индукциясы, ЭҚК өзіндік индукциясы, конденсатордағы кернеу) көрсетеді.

Қарсы-ЭҚК модулін  $e$  арқылы өрнектесек,  $e = \frac{P}{I}$  және (3), (4), (6), (8), (10) формулаларын бір түрге келтіре аламыз :

$$E - e = I \sum R \quad (11)$$

(11) теңдеу толық тізбектегі Ом заңының жалпы түрін көрсетеді . Егер тізбекте тек жылу қуаты қажет болса, онда  $e = 0$  болады және Ом заңы келесі түрде жазылады


$$E = I \sum R \text{ немесе } I = \frac{E}{R + r}$$

Соңында айтарымыз, егер тізбек электр энергиясын энергияның басқа (жылудан өзге) түрлеріне түрлендіретін бірнеше ток көздері мен тұтынушылардан тұратын болса, онда Ом заңының жалпы түрдегі теңдеуі төмендегі түрде жазылады:

$$\sum E - \sum e = I \sum R$$

Ом заңының жалпылама түрін көрсететін бірнеше мысалдарды келтірейік.

**Есеп 1.** Ішкі кедергісі  $r_l = 0.2$  Ом болатын аккумулятор ЭҚК – і  $E = 24\text{В}$  және ішкі кедергісі  $r = 0.2$  Ом ток көзінен зарядталады. Зарядтық қажетті  $I = 5\text{А}$  ток күшін реттестіру үшін, тізбекке кедергісі  $R_l = 1.2$  Ом реостат енгізілді (суреттен қараймыз).



Зарядталу кезінде аккумулятордың ЭҚК-ін тұрақты деп есептеп, мынадай мәндерді анықтау керек:

- аккумулятор ЭҚК;
- зарядталу уақыты 5 сағ. болғандағы, аккумулятор қорына жиналған энергия;
- зарядталу тогы  $I_1 = 3A$  кезіндегі реостаттың кедергісі.

**Шешуі:** 1) Біздің жағдайға сай Ом заңының жалпы түрін жазайық:  $E - e = I(r + r_1 + R_1)$ .

Қарсылық ЭҚК-нің орнында аккумулятордың ЭҚК-і екендігін ескерсек ( $e = E_{ак}$ ), онда

$$E_{ак} = E - I(r + r_1 + R_1) = 12B \text{ аламыз.}$$

2)  $t$  зарядталу уақытындағы аккумулятордың қорына жиналған энергия келесі теңдеумен анықталады:

$$W_{ак} = P_{хим} \cdot t. \quad \text{Бірақ} \quad e = E_{ак} = \frac{P_{хим}}{I} \quad \text{және} \quad P_{хим} = E_{ак} I, \quad \text{осыдан}$$

$$W_{ак} = E_{ак} I t = 1080 \text{кДж.}$$


3) Ом заңы бойынша:  $E - E_{ак} = I_1(r + r_1) + I_1 R_1$ .

$$\text{Сонда} \quad R_1 = \frac{(E - E_{ак} - I_1(r + r_1))}{I_1} = 2,8 \text{Ом.}$$

**Есеп 2.**  $E = 20B$  ЭҚК-ң және ішкі кедергісі  $r = 1$  Ом ток көзі тізбегіне, кедергісі  $r_1 = 1$  Ом тең электромотор қосылған. Электромоторды іске қосу үшін кедергісі  $R_1$  реостатты жалғайды (төмендегі суретте көрсетілген).

1) Мотордың белдігі сыналған, реостаттың толық енгізілуі кезінде тізбекте  $I_1 = 2A$  ток өтеді. Реостаттың кедергісі қандай?

2) Мотордың белдігі босатылады және реостатты толық шығарып, мотордың жұмыс жасау режимі орнатылады. Мотордың ЭҚК-ң индукциясын, механикалық қуатын және ПӘК-н, сонымен қатар егер тізбекте  $I_2 = 1,5A$  ток ағатын болса, оның қысқыштарына түсен кернеуді анықтау қажет.



**Шешуі:** 1) Мотордың белдігі сыналған жағдайда механикалық жұмыс жасалмайды, қарсы-ЭҚК (ЭҚК индукциясы) нөлге тең және мотор активті кедергі түрінде болады. Бұл жағдайда Ом заңы келесі түрде жазылады:

$$E = I_1(r + r_1) + I_1 R_1, \quad \text{осыдан} \quad R_1 = \frac{(E - I_1(r + r_1))}{I_1}.$$

2) Мотордың жұмыс жасауы кезінде және реостаттың шығарылуы кезінде Ом заңы келесі түрде жазылады:  $E - e = I_2(r + r_1)$ , осыдан  $e = E_i = E - I_2(r + r_1) = 17B$  болады.

Мотордың механикалық қуатын төмендегі теңдеуден анықтаймыз:

$$e = \frac{P_{мех}}{I}$$


$$P_{\text{мех}} = eI_2 = E_i I_2 = 25.5 \text{ Вт}$$

Ом заңы бойынша:  $E - I_2 r = e + I_2 r_1$ . Мотордың қысқыштарындағы кернеу  $U = E - I_2 r = e + I_2 r_1 = 18.5 \text{ В}$  тең. Мотордың ПӘК-нің мәнін келесі теңдеуден табамыз:

$$\eta = \frac{P_{\text{мех}}}{P_{\text{зат}}}.$$
 Бірақ  $P_{\text{мех}} = eI_2$  және  $P_{\text{зат}} = UI_2$ . Осыдан
 
$$\eta = \frac{eI_2}{UI_2} = \frac{e}{U} = \frac{E_i}{U} = 0.92$$
 екендігі шығады.

**Есеп 3.** ЭҚК-і  $E = 100 \text{ В}$  және ішкі кедергісі  $r = 2 \text{ Ом}$  ток көзі тізбегіне, индуктивтілігі  $L$  және кедергісі  $R_1 = 8 \text{ Ом}$  катушка жалғанған (суретте көрсетілген). Тізбектегі кілттің тұйықталуы кезінде ток күшінің мәні  $\Delta t = 2,2 \cdot 10^{-3} \text{ с}$  уақытта  $I = 1 \text{ А}$ -ге дейін жетті. Табу керек:

1. Өзіндік ЭҚК
2. Катушканың индуктивтілігі
3. Индуктивті катушканың энергиясы.



**Шешуі:** 1) Біздің жағдайда Ом заңының жалпы түрі:  $E - e = I(r + R_1)$ . Егер  $e = E_i$  екендігін ескерсек, онда алатынымыз:  $E_c = E - I(r + R_1) = 90 \text{ В}$ .

$$2) \quad e = E_c = \frac{P_{\text{маг}}}{I}$$
 болғандықтан, онда

катушканың магнит өрісіндегі қуаты осы уақыт мезетінде келесі теңдеумен анықталады:  $P_{\text{маг}} = E_c I$ . Егер, аз уақыт  $\Delta t$  ішінде катушканың магнит өрісін қуаты нөлден  $P_{\text{маг}}$ -қа дейін бірқалыпты артатын болса, онда осы уақыттағы катушканың энергиясы:

$$W_M = P_{\text{опт}} \cdot \Delta t = \frac{P_{\text{маг}}}{2} \Delta t = \frac{E_c I \Delta t}{2}$$

Ал екінші жағынан, катушканың магнит өрісіндегі энергиясы осы уақыт мезетінде  $W_M = \frac{LI^2}{2}$  тең. Сонда  $\frac{E_c I \Delta t}{2} = \frac{LI^2}{2}$  және

$$L = \frac{E_c I \Delta t}{I} = 0.2 \text{ Гн}$$
 болады.

(Егер тізбектегі ток күші уақыт аз ғана  $\Delta t$  ішінде нөлден  $I$  дейін бірқалыпты өссе, катушканың индуктивтілігі келесі белгілі формуламен де анықтала береді:  $E_c = -L \left( \frac{\Delta I}{\Delta t} \right)$  және  $L = \frac{E_c I \Delta t}{I} = 0.2 \text{ Гн}$ ).

3) Индуктивті катушканың энергиясын табу үшін, тізбектегі ток күшінің  $I_0$  орнатылған мәнін табу керек. Өзіндік индукция ЭҚК тоғының мәні нөлге тең болады және катушка активті кедергі түрінде болады; Ом заңы

келесі түрде жазылады  $E = I_0(R_1 + r)$ , осыдан  $I_0 = \frac{E}{R_1 + r}$  шығады және

катушканың энергиясы :


$$W_M = \frac{LI_1^2}{2} = \frac{LI^2}{2 \cdot (R_1 + r)^2} = 10 \text{ Дж} \text{ болады.}$$

**Есеп 4.** ЭҚК-і  $E = 100 \text{ В}$  және ішкі кедергісі  $r = 2 \text{ Ом}$  ток көзі тізбегіне пластиналарының арақашықтығы  $d = 1 \text{ мм}$ -ге тең, жазық ауа конденсаторы қосылған және оның кедергісі  $R_1 = 8 \text{ Ом}$  (суретте көрсетілген). Тізбектегі кілттің тұйықталуынан, ток күші  $\Delta t = 10^{-9} \text{ с}$  уақыт аралығында  $I = 5 \text{ А}$  дейін төмендеп кетті. Анықталатын мәліметтер:

- конденсатордың электр сыйымдылығы;

- конденсатордың энергиясы;

- конденсатордың пластиналарының тартылыс күші.



**Шешуі:** 1) Бұл жағдайда Ом заңының жалпы түрі:  $E - e = I(r + R_1)$ . Қарсы- ЭҚК-і конденсатордағы ( $e = U_k$ ) кернеуге тең екенін ескерсек, онда

$$U_k = E - I(r + R_1) \text{ екендігін аламыз.}$$

$e = U_k = \frac{P_{эл}}{I}$  болғандықтан осы уақыттағы конденсатордың электростатикалық өрістегі қуаты  $P_{эл} = U_k I$  болады.

Аз ғана  $\Delta t$  уақыт аралығында конденсатордың электростатикалық өрістегі қуаты нөлден  $P_{эл}$  дейін бірқалыпты артатын болса, онда осы  $\Delta t$  уақыт ішінде конденсатор өрісінде жиналған энергияны анықтаймыз:

$$W_e = P_{опм} \cdot \Delta t = \frac{P_{эл}}{2} \Delta t = \frac{IU_k \Delta t}{2}$$

Екінші жағынан, осы уақыттағы конденсатордың энергиясы

$$W_e = \frac{CU_k^2 \Delta t}{2} \text{ тең. Сонда } \frac{IU_k \Delta t}{2} = \frac{CU_k^2 \Delta t}{2} \text{ және}$$

$$C = \frac{I \Delta t}{U_k} = \frac{I \Delta t}{E - I(R_1 + r)} = 100 \text{ нФ} \text{ болады.}$$

2) Конденсатор толық зарядталған күйде болса, тізбектегі ток күші нөлге тең және Ом заңы келесі түрде жазылады:  $E - U_{k1} = 0$ , бұдан  $U_{k1} = E$  шығады.

Конденсатордың электростатикалық өрісте сақталған энергиясы (конденсатордың энергиясы):

$$W_e = \frac{CU_{k1}^2}{2} = \frac{CE^2}{2} = \frac{I \Delta t E^2}{2 \cdot ((E - I)(R_1 + r))} = 5 \cdot 10^{-7} \text{ Дж}$$

3) Конденсатордың пластиналарының тартылыс күшін төмендегі пайымдаулардан табамыз. Әтүрлі зарядталған конденсаторлардың пластиналары бір-бірімен  $F$  күші арқылы тартылады. Бір пластина екінші

пластинаға жанасу үшін, конденсатордың өрісі  $A = F \cdot d$  жұмысын атқару керек, мұндағы  $d$  – пластиналардың арақашықтығы. Бірақ, егер конденсатордың пластиналары жанаспастан бұрын энергиясы  $W_e$  болса, онда пластиналар жанасқаннан кейін  $W_e = 0$  болады (зарядтар теңеседі), яғни конденсатордың энергиясы  $W_e$ -ден нөлге дейін өзгеруіне байланысты, өріс өз жұмысын атқарады.

Осыдан  $A = \Delta W_e$  немесе  $W_e = F \cdot d$  және  $F = \frac{W_e}{d} = 5 \cdot 10^{-4} \text{ Н}$  шығады.

#### Жаттығулар:

1. ЭҚК-і  $12 \text{ В}$  және ішкі кедергісі  $0,1 \text{ Ом}$  аккумулятор қысқыштарына ішкі кедергісі үлкен вольтметр және электромотор қосылған. Мотордың белдігі сыналған жағдайда, вольтметр  $10 \text{ В}$ -ты көрсетеді; ал мотор жұмыс істеп тұрған жағдайда  $11,5 \text{ В}$  көрсетеді. Ораманың кедергісін, ЭҚК-нің индукциясын, механикалық қуатын және мотордың ПӘК-ін анықтау керек.

2. Электр тізбегіне: ток көзінің ЭҚК-і  $80 \text{ В}$  және ішкі кедергісі  $0,2 \text{ Ом}$ ; амперметр; кедергісі  $19 \text{ Ом}$  резистор; ораманың кедергісі  $0,8 \text{ Ом}$  электромотор қосылған. Мотордың қысқыштарына:

а) мотордың белдігі сыналған жағдайда, амперметр мен вольтметрдің көрсеткіші қандай?

б) мотордың белдігі айналып, бірақ механикалық жұмыс атқармаған жағдайда амперметр мен вольтметрдің көрсеткіші қандай болады?

в) мотор механикалық жұмыс атқарып, амперметрдің ток күшінің көрсеткіші  $2 \text{ А}$  көрсетеді. Вольтметрдің көрсетуін анықта. Ток күшінің электр қуатын, жылулық қуатының шығынын, механикалық қуатын және мотордың ПӘК-ін анықтау керек.

3. Электролиттік ваннада құрамында  $\text{NaOH}$ -ның сілтілік қоспалары және темірден жасалған электродтар бар. Ванна поляризациясының ЭҚК-і  $1,6 \text{ В}$ , ішкі кедергісі  $6 \text{ Ом}$ . Ваннаның қысқыштары ЭҚК-і  $10 \text{ В}$  және ішкі кедергісі өте аз ток көзіне жалғанған. Тізбекке реостат тізбектей қосылған. Егер әрбір минут сайын  $7 \text{ см}^3$  сутегі бөлінгені белгілі болса, реостаттың кедергісін; ваннадағы химиялық реакцияға жұмсалған қуатты және электролитті қыздыру үшін жұмсалған қуатты табу керек.

4.  $40$  аккумуляторлардан тұратын батареяны зарядтау үшін  $120 \text{ В}$  кернеуді қолданады. Аккумулятордың ішкі кедергісі  $0,01 \text{ Ом}$ . Тізбекке реостат тізбектей жалғанған.

а) зарядталудың алдында әрбір аккумуляторға түсетін кернеу  $2,1 \text{ В}$ . Аккумулятордың ЭҚК-ін; зарядтық тогы  $10 \text{ А}$  болғандағы реостат кедергісін; химиялық реакцияға жұмсалған қажетті батареяның қуатын табу керек.

б) зарядталудың аяғындағы әрбір аккумуляторға түсетін кернеу  $2,4 \text{ В}$  болады. Егер реостаттың кедергісі өзгермесе, тізбектегі ток күшін табу керек. Ток күшін бастапқы мәнге келтіру үшін, реостаттың кедергісі қандай болу керек?

5. Сыйымдылығы  $0,2 \text{ мкф}$  ауа конденсаторы ЭҚК-і  $500 \text{ В}$  ток көзіне жалғанған. Конденсаторды суға  $10^{-3} \text{ с}$  уақытта батырады. Суға батыру уақытындағы конденсатордағы кернеуді анықтау керек. Тізбектің кедергісі  $10 \text{ Ом}$ .

6. ЭҚК-і  $0,98 \text{ В}$  және ішкі кедергісі  $0,01 \text{ Ом}$  ток көзіне жалғанған екі параллель шиналар біртекті магнит өрісінде орналасқан. Шиналар қимасы  $33 \text{ мм}^2$  және кедергісі  $0,02 \text{ Ом}$  нихромдық өткізгіштермен тұйықталған, олар шиналарға перпендикуляр өріске  $10 \text{ м/с}$  жылдамдықпен сапырылысады.

Шинаның кедергісін есепке алмай, өткізгіштің ұштарында пайда болатын ЭҚК-нің индукциясын, шиналарымен сырғанау кезіндегі өткізгіштің үйкеліс коэффициентін және тізбектегі ток  $16 \text{ A}$  болғандағы магнит өрісінің индукциясын анықтау керек.

7. Жоғарғы вольтті индуктордың алғашқы орамасына қосқыш арқылы ЭҚК-і  $12 \text{ В}$  және ішкі кедергісі  $0,1 \text{ Ом}$  ток көзі жалғанған. Орамның кедергісі  $0,4 \text{ Ом}$ , орам саны  $50$ . Егер бірінші тізбектен орташа  $2 \text{ A}$  ток күші ағып өтсе, орам саны  $10000$  болатын екінші орамада пайда болған ЭҚК-нің индукциясы қандай? Индуктордың ПӘК-і  $0,95$  тең.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. G. Eve, M. Peschard. Physique – 1CDT. – Paris: Maghfrd, 1967. – 392 p.
2. G. Guinier, R. Guimbal. Physique, classe de premiere. – Paris: Chais – Desfosses, 1972. – 463 p.
3. H. Fraudet, F. Milsant. Cours deelectricite. – Paris: Editions eyrolles, 1966. – 375 p.

*Материал редакцияға 28.09.16 түсті.*

**М.Т. Кейкиманова, Д.С. Узбекова, А. Куттыбаев, С. Ермаханова**

*Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан*

#### О ПРИМЕНЕНИИ ОБЩЕГО ВИДА ЗАКОНА ОМА ПРИ РЕШЕНИИ ФИЗИЧЕСКИХ ЗАДАЧ

Предложен оригинальный вывод закона Ома в обобщенной форме. Выяснен физический смысл противо-ЭДС (электродвижущая сила). Применение закона Ома в обобщенной форме в изложении курса физики позволяет легко рассчитывать электрические цепи постоянного тока, содержащие не только активное сопротивление, но и любые потребители тока, в которых электрическая энергия, помимо тепловой, преобразуется в другие виды энергии. Представлены примеры расчета подобных электрических цепей. Приведены задания для самоконтроля.

**Ключевые слова:** ЭДС, общий вид закона Ома, ток потребителя.

**M.T. Keikimanova, D.S. Uzbekova, A. Kutybaev, S. Ermahanova**

*Taraz State University named after M.Kh.Dulati, Taraz, Kazakhstan*

#### ABOUT THE APPLICATION OF THE GENERAL FORM OF OHM'S LAW IN SOLVING PHYSICS PROBLEMS

The original derivation of Ohm's law in a generalized form is presented. Clarified the physical meaning of back-EMF. The application of Ohm's law in a generalized form in the presentation of the physics course allows easily to calculate the electric DC circuit containing only resistance, but also any current customers in which the electrical energy in addition to heat, is converted into other forms of energy. Examples of the calculation of such electric circuits are given. The tasks for self-control are presented.

**Keywords:** EDS, the general form of Ohm's law, the current user.



*Журнал «Механика и технологии»:*

**IET Inspec Direct**

*Входит в реферативную базу данных Information Service for Physics, Electronics and Computing (INSPEC DIRECT) Института Инжиниринга и Технологий Великобритании.*

<http://inspecdirect-service.theiet.org/private/home.aspx>

**eLIBRARY.RU**

*Зарегистрирован в российской национальной библиографической базе данных научного цитирования РИНЦ*

[http://elibrary.ru/project\\_risc.asp](http://elibrary.ru/project_risc.asp)



*Включен в перечень научных изданий, рекомендуемых Комитетом по контролю в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан для публикации основных результатов научной деятельности.*

<http://control.edu.gov.kz/ru/perechen-nauchnyh-izdaniy-rekomenduemyh-komitetom-dlya-publikacii-osnovnyh-rezultatov-nauchnoy-0>

*Подписной индекс журнала: 74714 (АО «Казпочта»-«Почтовый сервис»)*